

Жоба  
РБК-нің  
2022 жылғы 19 мамырдағы  
отырысында мақұлданды,  
№ 9 хаттама

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
2023–2027 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН  
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ДАМУ БОЛЖАМЫ**

**Бірінші кезең**

Қазақстан Республикасының орта мерзімді кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 61-бабына сәйкес әзірленеді және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің <http://www.gov.kz/memleket/entities/economy/documents/details/> ресми web-сайтында орналастырылады.

Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу қағидалары мен мерзімдері Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 9 бұйрығымен бекітілген <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010555>.

Елдің және өңірлердің бесжылдық кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерін болжамдау әдістемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 22 қаңтардағы № 10 бұйрығымен бекітілген <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100022123>.

Әлеуметтік-экономикалық даму болжамында мынадай аббревиатуралар пайдаланылады:

- |                 |  |
|-----------------|--|
| 1. АӨК          | – агроөнеркәсіптік кешен   |
| 2. АХҚО         | – «Астана» халықаралық қаржы орталығы                            |
| 3. ӘМАТ         | – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары                     |
| 4. ӘӘДБ         | – Қазақстан Республикасының Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы |
| 5. ДСҰ          | – Дүниежүзілік сауда ұйымы                                       |
| 6. ЕАЭО         | – Еуразиялық экономикалық одақ                                   |
| 7. ЖІӨ          | – жалпы ішкі өнім  |
| 8. ҚР           | – Қазақстан Республикасы   |
| 9. МЖӘ          | – мемлекеттік-жекешелік әріптестік                               |
| 10. НКИ         | – нақты көлем индексі  |
| 11. п.т.        | – пайыздық тармақ  |
| 12. ТМД         | – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы                                |
| 13. ТКШ         | – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық                               |
| 14. Ұлттық Банк | – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі                         |
| 15. Ұлттық қор  | – Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры                          |
| 16. ХВҚ         | – Халықаралық валюта қоры  |
| 17. ШОБ         | – шағын және орта бизнес   |

## МАЗМҰНЫ

<b>I. Қазақстан Республикасы экономикасының даму қорытындылары.....</b>	<b>4</b>
Елдің 2021 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы.....	4
2021 жылғы есептік және болжамды деректердің алшақтығын талдау.....	5
Қазақстан экономикасының ағымдағы даму серпіні.....	6
<b>II. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы.....</b>	<b>7</b>
Экономиканы дамыту перспективалары.....	7
Дамудың сценарийлік шарттары.....	10
Базалық сценарийдің экономикалық өсу факторлары.....	14
<b>III. Экономикалық саясаттың негізгі бағыттары.....</b>	<b>19</b>
Макроэкономикалық тұрақтылық.....	19
Экономика салаларын дамыту.....	22
Бизнес-ахуал және бәсекелестік.....	25
Инвестициялық тартымдылық.....	26
Цифрландыру және инновация.....	29
Адами капитал.....	30
Мемлекеттік басқару жүйесі.....	32
Өңірлік даму.....	33
Экономикалық интеграция.....	34
<b>IV. Мемлекеттік қаржының тұрақтылығы.....</b>	<b>35</b>
Мемлекеттік қаржының тұрақтылығын бағалау.....	35
Жоспарлы кезеңге арналған бюджет параметрлерінің болжамы.....	35
Ішкі және сыртқы үкіметтік борыштың болжамын қоса алғанда, мемлекет міндеттемелерінің параметрлері.....	40

Қосымша. Болжамды деректер:

2023–2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму

2023–2025 жылдарға арналған бюджет пен Ұлттық қордың параметрлері

## I. Қазақстан Республикасы экономикасының даму қорытындылары

### Елдің 2021 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы

2021 жылы елдің экономикалық дамуы өткен жылғы пандемия күйзелісінен кейінгі қалпына келу үрдістерінің әсерінен дамыды.

Дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру және карантиндік шектеулерді әлсірету нәтижесінде экономиканың өсуі 4,1%-ды құрады. Тауарлар өндірісі саласындағы өсу 3,6%-ды, көрсетілетін қызметтер өндірісі – 4%-ды құрады.

Өңдеу өнеркәсібінде 5,6%-ға өсу байқалды. Өндірістің екі таңбалы ұлғаюы машина жасауда – 20,4%-ға, оның ішінде автомобиль жасауда – 24,3%-ға, локомотивтер мен вагондар шығаруда – 59,5%-ға, фармацевтикада – 23,9%-ға, құрылыс материалдары өндірісінде – 9,8%-ға, пластмасса бұйымдарында – 45%-ға, дайын металл бұйымдарында – 18,2%-ға, киім-кешекте – 6,3%-ға және жиһазда – 7,8%-ға тіркелді.

Тау-кен өнеркәсібінде өсу 1,7%-ды құрады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы 2,4%-ға төмендеді, бұл өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемінің 6,7%-ға азаюына байланысты.

Құрылыста өсу 7,6%-ға жетті. 17,1 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл 2020 жылғы деңгейден 11,4%-ға жоғары.

Негізгі капиталға инвестициялар 3,5%-ға өсті. Инвестициялардың өңдеу өнеркәсібінде 38,1%-ға, ауыл шаруашылығында – 33,3%-ға, қаржы қызметінде – 32,2%-ға, саудада – 24,7%-ға, құрылыста – 19,1%-ға, жылжымайтын мүлікпен операцияларда – 17,9%-ға айтарлықтай өсуі байқалады.

Экономиканы кредиттеу 26,5%-ға өсті.

Сыртқы сауда айналымы 100,0 млрд АҚШ долларын, оның ішінде экспорт – 60,3 млрд АҚШ долларын, импорт – 39,7 млрд АҚШ долларын құрады. Тиісінше, сауда теңгерімі он деңгейде – 20,6 млрд АҚШ доллары көлемінде қалыптасты.

Елдің халықаралық резервтері 2022 жылғы 1 қаңтарда 89,7 млрд АҚШ долларына жетіп, 5,0%-ға қысқарды. Алтын-валюта резервтері 34,4 млрд АҚШ долларына дейін 3,5%-ға азайды. Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтері 55,3 млрд АҚШ долларына дейін 5,8%-ға азайды.

Халықтың жан басына шаққандағы орташа ақшалай табыстары 136,3 мың теңгені құрады және номиналды мәнде 7,7%-ға ұлғайды, нақты мәнде 0,6%-ға төмендеді. Орташа айлық жалақы нақты мәнде 8,3%-ға артып, 248,8 мың теңгені құрады.

Жұмыссыздық деңгейі 4,9% құрады.

2021 жылы экономика үшін маңызды сын-тегеурін инфляцияның өсуі болды. Бұл үрдістің негізгі факторы – пандемия әсерінің салдарынан, атап айтқанда логистикалық тізбектегі үзілістер мен кейінге қалдырылған сұраныс салдарынан әлемде азық-түлік бағасының өсуі.

Сонымен бірге, Үкімет пен Ұлттық Банктің дезинфляциялық саясатын іске асыру нәтижесінде инфляцияны 8,4% деңгейінде ұстап тұруға қол жеткізілді.

Жалпы, Үкіметтің макроэкономикалық және фискалдық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігерін Moody's, Fitch, Standard&Poog's жетекші

халықаралық кредиттік агенттіктері оң бағалады, олар 2021 жылы Қазақстанның тәуелсіз кредиттік рейтингін «Тұрақты» деген болжаммен инвестициялық сенімділік деңгейінде растады.

Бұл ретте, Moody's агенттігінің талдамашылары 2007 жылдан бастап алғаш рет Қазақстанның кредиттік рейтингін «Ваа2» деңгейіне дейін көтерді.

### 2021 жылғы есептік және болжамды деректердің алшақтығын талдау

2021–2025 жылдарға арналған ӘЭДБ сәйкес (ҚР Үкіметі 2020 жылғы 25 тамызда мақұлдаған, 2021 жылғы 20 сәуірдегі өзгерістер ескерілген № 29 хаттама) 2021 жылы экономиканың өсуі 3,1% деңгейінде болжанды, ал нақты өсу 4,1%-ды құрады (болжамды деңгейден 1,0 п.т. жоғары).

Есептік және болжамды деректер алшақтығының негізгі факторлары сыртқы нарықтық конъюнктураның жоғары құбылмалылығы болды.

Осылайша, іскерлік белсенділіктің жандануы және эпидемиологиялық жағдайдың тұрақталуы көрсетілетін қызметтер секторына оң әсер етті. Байланыс қызметтерін көрсету саласында – 114,6%-ға және саудада – 109,2%-ға айтарлықтай өсу қарқынына қол жеткізілді, бұл болжамды деңгейден тиісінше 8,1 п.т. және 4,3 п.т. жоғары.


Көлік НКИ-і 103,6%-ға дейін ұлғайды, болжамды деңгейден ауытқу 0,6 п.т. құрады.

Экономиканың тұрақты өсуінің түйінді факторларының бірі нақты сектор болды. Өңдеу өнеркәсібіндегі өнім шығару 105,6%-ға дейін, құрылыста – 107,6%-ға дейін ұлғайды, бұл болжамды деректерден тиісінше 0,4 п.т. және 2,6 п.т. жоғары.

Болжамды мәнмен салыстырғанда шамалы өсу тау-кен өндіру өнеркәсібінде тіркелді: болжам 100,7% болған кезде нақты өсу 101,7%-ды құрады.

Ауыл шаруашылығындағы өсу болжам бойынша 105,0% болған кезде 7,4 п.т. төмен қалыптасты. Төмен көрсеткіш өсімдік шаруашылығы көлемінің 6,7%-ға төмендеуіне байланысты.

**1-сурет. Болжамды және нақты деректердің өсу (төмендеу) қарқыны арасындағы алшақтық, %-бен**



### **Қазақстан экономикасының ағымдағы даму серпіні**

2022 жылғы қаңтар-наурызда ЖІӨ өсуі 4,4%-ды құрады.

Дамудың негізгі драйвері нақты сектор болды, оның өсуі 5,9%-ды құрады. Көрсетілетін қызметтер саласындағы іскерлік белсенділік 2,8%-ға дейін өсті.

Экономика салалары арасында көлікте – 9,3%, құрылыста – 8,6%, саудада – 8,0%, сумен жабдықтауда – 7,7%, өңдеу өнеркәсібінде – 6,5%, байланыста – 6,4%, тау-кен өнеркәсібінде – 6,1%, ауыл шаруашылығында – 1,8 % өсу байқалады.

2,9 млн ш.м. тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңінен 0,4%-ға жоғары.

Негізгі капиталға инвестициялар 1,5%-ға өсті.

Мәселен, инвестициялар құрылыста, білім беруде 2,2 есе, мемлекеттік басқаруда, әлеуметтік қамсыздандыруда – 78,5%-ға, саудада – 31,9%-ға, көлік пен қоймалауда – 27,2%-ға, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларда – 26,2%-ға өсті.

2022 жылғы қаңтар-ақпандағы жағдай бойынша сыртқы сауда айналымы 52,5%-ға өсіп, 18,2 млрд АҚШ долларын құрады. Экспорт бойынша көрсеткіш 71,4%-ға өсіп, 12,1 млрд АҚШ долларын құрады. Бұл ретте, өңделген тауарлар экспорты 3,5 млрд АҚШ долларына дейін 46,6%-ға өсті.

Тауарлар импорты 25,1%-ға өсіп, 6,1 млрд АҚШ долларын құрады.

Жалпы, оң сауда теңгерімі 6 млрд АҚШ доллары деңгейінде тіркелді.

2022 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша елдің халықаралық резервтері ағымдағы жылдың басына қарағанда 4,2%-ға қысқарып, 85,9 млрд АҚШ долларын құрады. Ұлттық Банктің алтын-валюта активтері 33,2 млрд АҚШ долларына дейін 3,5%-ға азайды. Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтері 52,7 млрд АҚШ долларына дейін 4,7%-ға төмендеді.

2022 жылғы ақпанда халықтың жан басына шаққандағы орташа ақшалай табыстары 143,2 мың теңгені құрады және номиналды мәнде 17,3%-ға, нақты мәнде 7,9%-ға өсті.

2022 жылғы наурызда орташа айлық жалақы 272,5 мың теңгені құрады және номиналды мәнде 18,1%-ға, нақты мәнде 7,6%-ға ұлғайды.

Сыртқы макроэкономикалық конъюнктурадағы өзгерістерді ескере отырып, 2022 жылы ЖІӨ өсуі 2,1% деңгейінде бағаланады. Номиналды ЖІӨ 2022 жылы 95,5 трлн теңге көлемінде болжанады. Жан басына шаққандағы ЖІӨ 10,8 мың АҚШ доллары деңгейінде бағаланады.

Экономика салалары бойынша өнеркәсіп секторында өсудің 1,4%-ға дейін баяулауы болжануда. Бұл мұнай өндірудің жоспарлы көлемінің 85,7 млн тоннаға дейін азаюымен байланысты, бұл тау-кен өндіру өнеркәсібіне әсер етеді – өсу 0,3%. Өңдеу өнеркәсібінде өсу 3,1% деңгейінде болжануда.

Ауыл шаруашылығы көлемінің өсуі – 4,3%, құрылыс – 3,8%, көлік – 3,3% деңгейінде, сауда – өткен жылғы деңгейде күтілуде.

Экспорт көлемінің ұлғаюы 72,2 млрд АҚШ долларына дейін, импорт көлемінің ұлғаюы 40,2 млрд АҚШ долларына дейін күтілуде.

Инфляция 8–10% дәлізінде айқындалды.

## II. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын болжау сыртқы және ішкі факторлардың өзгеруі ескеріле отырып жүзеге асырылады.

### Экономиканы дамыту перспективалары

#### Орын алған тәуекелдер мен күйзелістердің макроэкономикалық жағдайға ықпалы мен әсері

2021 жылғы тамызда макроэкономикалық көрсеткіштердің соңғы болжамы мақұлданған сәттен бастап (2022–2026 жылдарға арналған ӘЭДБ) сыртқы тәуекелдердің басымдықтары мен іске асырылу ықтималдықтарының орындары ауысты. Геосаяси жағдайдың нашарлауына байланысты бұрын белгіленген тәуекелдер іске асырылды, бұл да жанама тәуекелдерді іске асырудың триггері болды.

Жаһандық жеткізілім тізбегінің бұзылуы, тауар нарықтарындағы құбылмалылық және әлемдегі белгісіздіктің жоғары деңгейі ішкі экономикалық процестерге айтарлықтай әсер етті.

Бірінші кезекте, тұрақсыздық әсері бағамдық арна бойынша көрінді. Мәселен, жыл басынан бері теңге бағамының ауытқу амплитудасы 20%-дан асты. Ұлттық валютаның АҚШ долларына қатысты ең төмен бағамы 2022 жылғы 11 ақпанда – 425,8 теңге, ең жоғары – 2022 жылғы 16 наурызда – 512,2 теңге болып тіркелді. Орташа бағам жыл басынан бері 457,6 теңге деңгейінде қалыптасты.

Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, сондай-ақ теңге бағамының тұрақсыздандыратын ауытқуын болдырмау мақсатында Ұлттық Банк а.ж. наурызда 990,5 млн АҚШ доллары көлемінде валюталық интервенция жүргізді. Ұлттық қордан бюджетке 891 млн АҚШ доллары мөлшеріндегі трансферттерді жүзеге асыруға берілген қаражат, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің 233,4 млн АҚШ доллары мөлшеріндегі валюталық түсімнің бір бөлігін сатуы да теңгеге қолдау көрсетті.

Екіншіден, теңгенің әлсіреуі, шикізат тауарларына халықаралық бағаның өсуі, Украинадағы жағдайға байланысты импорттың шектелуі (*Ресейге қарсы санкциялар енгізу, Ресей тарапынан қарсы шаралар, көлік үстемесі бағасының артуы*), сондай-ақ инфляциялық аяның күшеюінің жалпы әлемдік үрдісі Қазақстандағы инфляцияның өсуіне айтарлықтай әсер етті.

Мәселен, 2022 жылғы сәуірде тұтыну бағаларының индексі жылдық мәнде 13,2%-ға, оның ішінде азық-түлік тауарлары бойынша – 17,9%-ға, азық-түлік емес тауарлары бойынша – 11,1%-ға, ақылы көрсетілетін қызметтер бойынша – 8,9%-ға жетті.

### Дамудың сыртқы факторлары

*«2022 жыл – жаһандық экономика мен инвестициялық ландшафтты өзгертетін сәйкессіздіктер мен жедел өзгерістер жылы. Ағымдағы проблемалар нарықты түбегейлі өзгерте алатын іргелі проблемаларды ушықтыра түседі. Әлемдік экономика тұтынушылардың мінез-құлқындағы өзгерістердің, жаһандық жеткізу тізбектері мен капитал ағындарын қайта*

ұйымдастырудың, климаттың өзгеруімен күресудің шұғыл қажеттілігін қалпына келтірудің, сондай-ақ нарықтар мен экономикаларды жедел цифрландырудың әсерінен қайта құрылатын болады».

**S&P Global Ratings, 2022 жылғы наурыз**

«...Соғыс перспективалардың нашарлауын күшейтті және қақтығыстың экономикалық салдары шикізат және қаржы нарықтарын, сауда және көші-қон байланыстарын, сондай-ақ инвесторлардың сенімін қоса алғанда көптеген арналардан сезілуде ...

... Ұзақ уақытқа созылған қақтығыс экономикалық шығасылардың ұлғаюына, өңірлік интеграцияның бөлінуі мен аса маңызды сауда және инвестициялық байланыстардың бұзылуына әкеп соғуы мүмкін ...».

**Дүниежүзілік Банктің тобы, 2022 жылғы сәуір**

**Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына теріс әсер етуі мүмкін сыртқы тәуекелдер**

**Бірінші тәуекел.** *Геосаяси жағдайдың нашарлауы.* Ресей-Украина қақтығысының өршуі және Ресейге қарсы салынған санкциялар шектеулер әлемдік экономикалық белсенділіктің бәсеңдеуіне алып келді.

АҚШ, Еуропалық одақ, Ұлыбритания және басқа да бірқатар елдердің санкциялық қысымын қатаңдату Ресей мен Иранның әріптес елдерінің экономикалары үшін ықтимал тәуекелдер туындатады. Санкция салынған ресейлік және ирандық бизнеспен ынтымақтастық анықталған жағдайда «қосалқы шектеулер» енгізу тәуекелі бар.

**Екінші тәуекел.** *Мұнай бағасының құбылмалылығы.* Экономикалық белсенділіктің қалпына келуіне қарай көптеген елдерде энергия ресурстарын тұтыну белсенді түрде өсуде, тапшылық үрдісі байқалады.

Бұл ретте мұнай нарығындағы беймәлімділік тұрақсыз геосаяси жағдайға және коронавирустың жаңа штамдарының таралуына байланысты артып келеді.

**Үшінші тәуекел.** *COVID-19 коронавирус пандемиясы.* Пандемиямен байланысты тәуекелдер жаңа штамдардың пайда болуы және жекелеген елдерде карантиндік шектеулердің енгізілуі аясында коронавирустық инфекцияның өршуіне байланысты сақталуда.

Осылайша, енгізілетін толық немесе ішінара шектеулер логистикалық тізбектердің одан әрі бұзылуына ықпал етеді.

Бұл ретте коронавирус пандемиясынан туындаған дағдарыс көптеген елдерде протекционистік көзқарасты күшейтті және халықаралық экономикалық қатынастарда шиеленістің өсуіне алып келді. Осылайша, 2022 жылдың басында ДСҰ Қытай мен АҚШ арасындағы Қытай өнімдерінің импортына АҚШ-тың субсидияға қарсы баждарын енгізуге қатысты сауда дауы бойынша қорытынды шығарды және Қытайға 645 млн АҚШ доллары сомасына АҚШ-тан импортқа баж салығын енгізуге рұқсат берді.

Осыған байланысты коронавирус пандемиясының жаңа кезеңі әлемдік сауда үшін айтарлықтай салдарға әкеп соғуы мүмкін.



### **Тәуекелдердің Қазақстан экономикасына әсер ету арналары**

Ресейге қарсы енгізілген санкциялар мен трансұлттық компаниялар бойкотының теріс әсері бүкіл әлемдік экономикалық жүйеге тарайды. Бірқатар елдер мен жекелеген субъектілердің қолданатын әрекеттерінің салдары логистика, қаржы және сауда арналарына әсер етеді.

**Логистика және импорт арналары.** *Жаһандық инфляциялық аяның күшеюі. Әлемдік нарықтағы тауарлар тапшылығы. Жаһандық логистикалық және өндірістік тізбектердің бұзылуы.*

Дамыған елдер энергия ресурстары, ауыл шаруашылығы шикізаты, базалық металдар мен сирек кездесетін жер қазбалары импортының шектеулі болуы салдарынан, оның ішінде кеңінен пайдаланылатын негізгі тауарларға (бензин, дизель отыны, азық-түлік және басқалары) бағаның өсуі есебінен инфляцияның жоғары деңгейіне ұшырауға бейім болады.

Осылайша, шикізат тауарларына бағаның өсуі көбінесе мұнай мен мұнай өнімдеріне, сұйытылған табиғи газға, көмірге, титанға, уранға, литийге, палладийге, никельге, мырышқа, мысқа, алюминийге және басқаларға сұраныстың артуы салдарынан болады. Жанама түрде бұл үрдіс шикізат тауарларына тәуелді салалардағы өндірістік тізбектердің бұзылуына әсер етеді. Осы салаларға, мысалы, каталитикалық түрлендіргіштерді өндіру үшін палладий пайдаланылатын, ал шанақтың көптеген бөліктері үшін алюминий пайдаланылатын автомобиль жасау саласы жатады. Автомобильдер өндірісінің төмендеуі «домино» әсері бойынша басқа салаларға да таралатын болады.

Сондай-ақ, төмен көміртекті дамуға және жаңартылатын энергия көздерін қолдануды кеңейтуге қарқынды көшу үшін қажетті тауарлар бойынша ұсыныстың шектеулілігі немесе сұраныстың артуы болашақта байқалуы мүмкін. Жоғарыда айтылғандардан басқа мұндай тауарларға хром, шойын құю, темір магнит, қорғасын, марганец, молибден, болат, күміс, кобальт және басқалар жатады. Өндіріс тізбегін бұзудың әсері осы тауарларды өндіру салаларына да әсер етуі мүмкін.

Жеткізу тізбектерінің бұзылуы, жүктерді жеткізу мерзімдерінің ұлғаюы, энергия тасымалдаушылар мен көліктік үстеме бағалардың ұлғаюы нәтижесінде азық-түлік шикізаты мен тыңайтқыштардың қолжетімділігі төмендейді. Сондай-ақ, Ресей мен Украинаның әлемдік ауыл шаруашылығы тауарлары экспортында, оның ішінде бидай және өзге де дәнді дақылдар, тыңайтқыштар, сүрек, ағаш материалдары және басқа да тауарлар топтары бойынша жоғары үлеске ие болуы түйінді фактор болып табылады. Осыларға бағаның өсуі азық-түлік тауарлары мен сусындарға бағаның өсуіне әкеп соғады, бұл инфляциялық қысымды күшейте түседі.

### **Цифрландыру арнасы.** *Цифрлық қауіпсіздікке баса назар аудару*

Бұл үрдіс бұрын қалыптасқан, бірақ оқиғалардың дамуы барысында маңызы артып отыр – цифрландыру кезеңінде киберқауіпсіздік, деректердің сақталу және қорғалу мәселелері маңызды рөл атқарады. Ақпараттық технологиялар электрондық қызметтерді ұсыну саласындағы серпіліске, технологиялық процестерді күрделендіруге және автоматтандыруға, шығасыларды азайтуға, сондай-ақ ақпараттың транспаренттілігі мен

қолжетімділігін арттыруға ықпал етеді. Цифрлық қауіпсіздіктің институционалдық негіздеріне деген сенімге нұқсан келтіру немесе цифрлық жүйелердің осалдықтарын пайдалану жолымен, оның ішінде адамдардың жеке деректеріне қол жеткізу үшін сыртқы араласу экономиканың серпінді дамуы үшін қажетті өсу деңгейін тежейтін болады.

**Қаржы арнасы.** *Инвестициялардың шектеулілігі мен тұрақтылығы.*

Сондай-ақ экономикалық дамудың түйінді факторларының бірі халықтың, кәсіпкерлердің, инвесторлардың және нарықтың басқа да қатысушыларының билікке сенімі болып қала береді. Инфляциялық және бағамдық күтілімдер, инвесторлардың шамадан тыс сақтық танытуы, венчурлық қаржыландырудың баяулауы экономиканың үдемелі дамуын тежейді. Бұл ретте қаражат капитал қайтару деңгейі шамалытәуекелі төмен активтерге қайта бағытталады, бұл экономиканың тұрақты өсуі үшін талап етілетін ынталандыруды қамтамасыз етпейді.

### Дамудың сценарийлік шарттары


Даму сценарийлерін қалыптастыру кезінде негізгі факторлар ретінде әлемдік экономиканың даму үрдістері, мұнайдың әлемдік бағаларының серпіні және әлемдік қаржы нарықтарындағы ахуал ескеріледі.

Халықаралық қаржы және зерттеу институттарының жаңартылған болжамдарында инфляция бойынша болжамдардың ұлғаюымен жаһандық, сондай-ақ бірқатар дамыған елдер экономикасының өсу болжамдары төмендеді.

Мәселен, ХВҚ-ның сәуірдегі болжамына сәйкес коронавирустық инфекция пандемиясынан кейін біртіндеп қалыпқа түсу аясында 2021 жылы әлемдік экономиканың өсуі 6,1%-ды құрады.

2022–2023 жылдары әлемдік экономикалық белсенділіктің баяулауына байланысты өсудің 3,6%-ға дейін төмендеуі күтілуде. Бұл, ең алдымен, Ресей мен Батыс елдері арасындағы геосаяси қарама-қайшылықтың өршуіне және COVID-19 коронавирусының жаңадан өршуіне байланысты карантиндік шектеу шараларымен байланысты. Бұл факторлар инфляцияның жеделдеуіне, сауда-экономикалық қатынастарда теңгерімсіздіктің пайда болуына, инвесторлар үшін беймәлімділіктің өсуіне және кәсіпкерлік белсенділіктің төмендеуіне алып келеді деп болжануда.

2-сурет. Әлемдік экономиканың өсуі бойынша болжам (СҚІІ)



Елдер бөлінісінде 2021 жылы экономиканың едәуір өсуі Қытайда – 8,1% деңгейінде байқалады. АҚШ-та ЖІӨ-нің өсуі 5,7%-ды, Еуроаймақта – 5,3%-ды, Ресей Федерациясында – 4,7%-ды құрады.


Ресей Федерациясының экономикалық өсу болжамы 2022 жылы қатаң санкциялық шектеулер аясында, оның ішінде корреспонденттік шоттарға, бірқатар ресейлік банктердің SWIFT халықаралық төлем жүйесінен ажыратылуына, мұнай мен газға эмбарго енгізілуінің ықтималдығына және шетелдік компаниялардың Ресей нарығынан кетуіне байланысты рестрикциялар салдарынан -8,5%-ға дейін 11,3 п.т.-ға төмендеді. 2023 жылы Ресей Федерациясының ЖІӨ өсуі 2,3% деңгейінде болжануда.

Энергия ресурстарының ірі импорттаушылары – Еуроаймақтың көптеген елдері үшін теріс соққы болып табылатын энергия тасығыштарға бағаның айтарлықтай көтерілуіне байланысты 2022 жылы Еуроаймақ экономикасының өсу қарқыны 2,8% деңгейінде, одан әрі 2023 жылы 2,3%-ға дейін төмендеуі күтіледі.

АҚШ экономикасының өсуі 2022 жылы 3,7% деңгейінде, кейіннен 2023 жылы 2,3%-ға дейін баяулауы болжанып отыр. Экономикалық өсу болжамының төмендеуі логистикалық тізбектердің үзілуімен және фискалды мемлекеттік қолдау шараларының қысқаруымен байланысты. Сонымен бірге, Еуроаймақ елдерімен салыстырғанда АҚШ үшін Ресеймен геосаяси қақтығыстың өршуінің салдары аса маңызды болмайды.

ҚХР экономикасының өсуі 2022 жылы COVID-19 жаңа штамдарының таралуы және «нөлдік төзімділік» стратегиясының іске асырылуы аясында 4,1%-ға дейін баяулайды, бұл қайта карантиндік шектеулерді енгізуге алып келді. Соның салдарынан, Қытай экономикасында өндірістік-логистикалық тізбектерде іркілістер, іскерлік белсенділік пен инвестициялар өсуінің төмендеуі, сондай-ақ жеке тұтынудың қысқаруы байқалады. Бұл ретте 2023 жылы Қытайда ЖІӨ-нің 5,1%-ға дейін өсуімен экономикалық белсенділіктің жақсаруы күтіледі.

**3-сурет. Жекелеген елдердің өсуі бойынша ХВҚ болжамы**



### **Мұнай нарығындағы жағдай**

Мұнай нарығында дүрлікпе тудырған Ресей-Украина қақтығысының шиеленісуі аясында энергия ресурсына бағалар айтарлықтай өсті.

Мәселен, 2022 жылғы қаңтарда Brent маркалы мұнайдың бағасы барреліне 85,5 АҚШ долларын, ақпанда – барреліне 95,8 АҚШ долларын, наурызда – барреліне 115,6 АҚШ долларын құрады.

2022 жылғы 1 тоқсандағы орташа баға барреліне 99 АҚШ долларын құрады, бұл 2021 жылдың ұқсас кезеңіндегі деңгейден 63,4%-ға жоғары (2021 жылғы 1 тоқсанда Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы барреліне 60,6 АҚШ долларын құрады).

Тұтастай алғанда, мұнай нарығындағы бағалар серпіні әлемдегі эпидимологиялық және геосаяси ахуалдың өзгеруіне байланысты дамитын болады.

Елдің бесжылдық кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық дамуын болжау экономиканың дамуына ықпал ететін факторлар мен үрдістерге байланысты үш сценарий бойынша жүзеге асырылады.

**Базалық сценарий** әлемдік экономиканың даму көрсеткіштерінің жақсаруын білдіреді. Әлемдік нарықтардағы қолайлы жағдай, коронавирустың одан әрі таралуы бойынша тәуекелдерді азайту және жаһандық жеткізілім тізбегін бұзуды азайту жаһанданудың жана шындықтарына тез көшуге және қалыпқа түсуге алып келеді. Бұл процестер дамыған елдерде, сол сияқты дамушы елдерде де экономикалық белсенділіктің серпінді өсуіне әкеледі.

**Оптимистік сценарий** әлемдік экономиканы даму көрсеткіштерінің жақсаруын білдіреді. Әлемдік нарықтардағы қолайлы жағдай, коронавирустың одан әрі таралуы бойынша тәуекелдерді азайту және жаһандық жеткізілім тізбегін бұзуды азайту жаһанданудың жана шындықтарына тез көшуге және қалыпқа келтіруге. Бұл процестер дамыған елдерде де, дамушы елдерде де экономикалық белсенділіктің серпінді өсуіне әкеледі.

**Пессимистік сценарий** дамушы елдердің құбылмалылыққа бейімделу процесінің баяулауына және сауда-санкциялық қарсылықтың шиеленісуіне негізделген қолайсыз жағдайдың басталуымен сипатталады. Тауарлардың тапшылығы, көрсетілетін қызметтердің шектеулілігі және беймәлімділіктің жоғарыдеңгейі тәуекелі төмен инвестициялау стратегиясына итермелейтін болады, бұл айтарлықтай дәрежеде экономикалық белсенділік пен қалпына келтіру процестерінің өсуін тежейтін болады.

Қазақстан экономикасы дамуының макроэкономикалық параметрлерін болжамдаудың базалық сценарийі кезінде мұнай бағасы барреліне 80 АҚШ доллары деңгейінде белгіленген. Кіріс болжамдау параметрлері негізіндегі болжам бойынша экономиканың орташа жылдық өсуі 4,0%-ды құрап, тауарлар өндірісі өсуінің орташа қарқыны 3,8%, көрсетілетін қызметтер – 4,0% деңгейінде болады, таза салықтардың НКИ-і жылына орта есеппен 5,3%-дан өсетін болады.

Биржалық нарықтардағы жағдайдың тұрақтануы және өнімге сұраныс экспорттық тауарлар жеткізіліміне қолайлы әсер етеді. 2027 жылы тауарлар экспорты 83,2 млрд АҚШ долларына дейін ұлғая отырып, 2023 жылы 75,1 млрд АҚШ долларын құрайды, бұл ретте импорт 2027 жылы 52,2 млрд АҚШ долларына дейін ұлғая отырып, 43,1 млрд АҚШ долларын құрайды.

Экономикалық өсудің орнықты параметрлері кірістердің қарыштап ұлғаюына ықпал ететін болады. 2023 жылы кірістер 11 940,6 млрд теңге көлемінде күтіліп, 2025 жылы 14 027,6 млрд теңгеге дейін ұлғаяды.

1-кесте. Түрлі сценарийлер кезіндегі ел экономикасының параметрлері

Сценарийлер	2023	2024	2025	2026	2027
Экономиканың өсуі, алдыңғы жылға %					
Базалық	104,2	104,2	104,4	103,4	103,8
Оптимистік	104,5	104,9	104,4	103,7	104,2
Пессимистік	103,8	103,7	104,2	103,3	103,4
Тауарлар экспорты, млрд АҚШ долл.					
Базалық	75,1	79,0	82,9	82,6	83,2
Оптимистік	87,4	92,0	96,6	96,1	96,6
Пессимистік	61,4	63,9	67,0	67,0	67,6
Тауарлар импорты, млрд АҚШ долл.					
Базалық	43,1	45,8	48,6	50,0	52,2
Оптимистік	45,4	48,5	51,7	53,5	56,2
Пессимистік	40,5	42,9	45,4	46,8	48,8
Республикалық бюджеттің кірістері, млрд теңге					
Базалық	11 940,6	12 944,4	14 027,6		
Оптимистік	12 306,2	13 497,6	14 579,6		
Пессимистік	11 216,8	12 059,9	13 059,2		

Оптимистік сценарий 2023-2027 жылдары мұнай бағасы барреліне 90 АҚШ доллары болжамымен есептелген. ЖІӨ-нің орташа жылдық өсуі 4,3%-ды құрайды, оның ішінде тауарлар мен көрсетілетін қызметтер өндірісінің өсуі тиісінше орта есеппен 4,0% және 4,4% деңгейінде болады. Таза салықтардың НКІ-і жылына орта есеппен 6%-дан өсетін болады.

Біржалық тауарлар нарығында оң жағдайлардың сақталуы және азық-түлік өнімдері бағасының өсуі салалардың серпінді дамуына және елдегі өндірістік белсенділіктің өсуіне ықпал ететін болады, бұл қазақстандық экспортты кеңейтуге оң әсер етеді. Оптимистік сценарий кезінде тауарлар экспортының көлемі 2023 жылғы 87,4 млрд АҚШ долларынан 2027 жылы 96,6 млрд АҚШ долларына дейін ұлғаяды. Бұл ретте импорт көлемі 2027 жылы 56,2 млрд АҚШ долларына дейін ұлғая отырып, 2023 жылы 45,4 млрд АҚШ доллары деңгейінде күтілуде.

Экономика салаларындағы шығарылымның жоғары өсуі республикалық бюджет кірістерінің ұлғаюына ықпал ететін болады.

2023 жылы кірістер (трансферттерді есепке алмағанда) 12 306,2 млрд теңге көлемінде күтіліп, 2025 жылы 14 579,6 млрд теңгеге дейін ұлғаяды.

Пессимистік сценарий бойынша 2023 жылдан бастап 2027 жылды қоса алғанда мұнай бағасы барреліне 60 АҚШ доллары деңгейінде белгіленді. Экономиканың орташа жылдық өсуі 3,7%-ға дейін, тауарлар өндірісі мен көрсетілетін қызметтер – 3,6%-ға дейін, таза салықтар – 4,4%-ға дейін баяулайды.

Әлемдік сұраныстың төмендеуі және тауар нарықтарындағы бағалардың төмендеуі қазақстандық экспортқа теріс әсер етеді. Тауарлар экспорты 2027 жылы 67,6 млрд АҚШ долларына дейін ұлғая отырып, 2023 жылы 61,4 млрд

АҚШ долларын құрайды. Импорт көлемі 2023 жылы 40,5 млрд АҚШ доллары деңгейінде, 2027 жылы 48,8 млрд АҚШ доллары деңгейінде күтілуде.

Экономикалық процестер дамуының баяулауы салық түсімдерінен түсетін кірістердің өсуін тежейтін болады. 2023 жылы кірістер 11 216,8 млрд теңге көлемінде күтіліп 2025 жылы 13 059,2 млрд теңгеге дейін ұлғаяды.

Ел экономикасы дамуының қалыптасқан үрдістерін және әлемдік экономикадағы жағдайды ескере отырып, болжамды макроэкономикалық және бюджеттік параметрлерді қалыптастыру кезінде **базалық сценарий** негізге алынады.

Пессимистік сценарий туындаған жағдайда макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономиканың нақты секторын және ШОБ-ты қолдау, сондай-ақ халықты әлеуметтік қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды қамтитын экономикалық белсенділікті ынталандыру жөніндегі шараларды іске асыру көзделеді. Бұл ретте орын алған рецессия мен жағдайды мониторингтеудің сипатына қарай шаралар қайта қаралуға және экономиканың өзекті жай-күйіне бейімдеуге жатады.

### Базалық сценарийдің экономикалық өсу факторлары

Базалық сценарий бойынша Қазақстан экономикасы көлік, сол сияқты қаржы ағындарының халықаралық саудасы мен логистикасын жүргізуді тұрақтандыру және жылдам өзгерістер мен жаңа қағидаттарға бейімдеу аясында дамиды болады.

2027 жылға дейін экономикалық өсуді қолдау факторы негізінен тұтынушылар тарапынан ішкі сұраныстың жоғары динамикасы болады, олардың орташа жылдық өсу 7,1% құрайды. Бұл ретте түпкілікті тұтынуға арналған жалпы шығыстар жылына орта есеппен 6,2%-ға өсетін болады. Жалпы жинақтаудың орташа жылдық өсу қарқыны 3,3% деңгейінде күтіледі.

2-кесте. 2023–2027 жылдарға арналған ЖІӨ құрамдауыштарының болжамды көрсеткіштері, өткен жылға қатысты %-бен

Құрамдауыштар	2022	2022	2024	2025	2026	2027	2023-27
	Бағалау	Болжам					
<b>Соңғы тұтыну шығыстары</b>	<b>96,8</b>	<b>105,2</b>	<b>105,5</b>	<b>105,7</b>	<b>107,3</b>	<b>107,1</b>	<b>106,2</b>
үй шаруашылықтары	95,1	105,9	106,1	106,7	108,4	108,2	107,1
мемлекеттік басқару органдары	103,0	102,6	103,0	101,6	102,9	102,2	102,5
үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар	104,0	102,8	101,9	102,9	102,9	102,9	102,7
<b>Жалпы жинақтау</b>	<b>100,6</b>	<b>105,2</b>	<b>104,0</b>	<b>103,8</b>	<b>101,3</b>	<b>102,5</b>	<b>103,3</b>
<b>Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің таза экспорты</b>	<b>140,5</b>	<b>99,2</b>	<b>100,2</b>	<b>100,6</b>	<b>89,8</b>	<b>89,1</b>	<b>95,6</b>
тауарлар мен көрсетілетін қызметтер экспорты	107,7	104,0	101,7	101,5	95,5	96,3	99,8
тауарлар мен көрсетілетін қызметтер импорты	95,3	107,0	102,6	102,0	98,6	99,9	102,0
<b>Жалпы ішкі өнім</b>	<b>102,1</b>	<b>104,2</b>	<b>104,2</b>	<b>104,4</b>	<b>103,4</b>	<b>103,8</b>	<b>104,0</b>

**Экономика салаларының даму болжамы:** Қазақстан экономикасының нақты өсуінің орташа жылдық қарқыны – 4%.

**АӨК: орташа жылдық өсу – 4,3%.**

АӨК дамыту 2021–2025 жылдарға арналған АӨК дамыту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру есебінен қамтамасыз етіледі. Мәселен, **өсімдік шаруашылығы** саласында тұқым шаруашылығын дамытуға тұқымдарды қадағалау жүйелерін белсенді енгізу және тұқым шаруашылықтарын қазіргі заманғы техникамен және жабдықтармен жарактандыру, сондай-ақ агрохимиялық қызметтің республикалық ғылыми-әдістемелік орталығының қызметін жетілдіру және минералдық тыңайтқыштарды қолдану деңгейін арттыру үшін оның материалдық-техникалық базасын жетілдіру оң әсерін тигізеді деп күтілуде.

АӨК дамытудың 2021–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде нақты егіншілік технологиясын енгізу және барлық технологиялық процестерді цифрландыру жоспарлануда. Молекулярлық биология мен гендік инженерияға негізделген жеделдетілген әдістерді пайдалана отырып, өсімдіктердің жаңа сұрыптарын селекциялауға және шығаруға ерекше назар аударылатын болады. Бұл ғылыми ұйымдарға 5-6 жылда бір ретауруларға және стреттік жағдайларға төзімді ауыл шаруашылығы дақылдарының жаңа жоғары өнімді сұрыптарын шығаруға мүмкіндік береді. Қабылданған шаралардың арқасында 2030 жылға қарай бидайдың өнімділігі кемінде 20 ц/га жетеді.

Инвестициялық субсидиялауды жалғастыру және «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы ауыл шаруашылығы техникасы лизингі бағдарламасын кеңейту есебінен ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту деңгейі 6%-ға дейін жеткізіледі, бұл оңтайлы мерзімде егін егу мен жинауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ ЖЖМ мен қосалқы бөлшектерге қосымша шығындарды 15-20%-ға төмендетуге мүмкіндік береді.

Шаралар қабылдау жоғары сапалы тұқымдарды енгізу үлесін 93%-дан 98%-ға дейін, минералды тыңайтқыштарды енгізу деңгейін қажеттіліктен 20%-дан 29%-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді, дәнді дақылдардың шығымдылығын 10-15%-ға артады.

**Мал шаруашылығын** қарқынды дамыту мақсатында фермерлік шаруашылықтарға мал сатып алуға кредит беру көлемін ұлғайту, жемшөп өндірісін ынталандыру, шалғайдағы мал шаруашылығын және жайылымдардың инфрақұрылымын дамыту, сондай-ақ селекцияның қазіргі заманғы әдістерін енгізуді ынталандыру, оның ішінде жасанды ұрықтандыру және эмбриондарды телу жоспарлануда.

**Орман шаруашылығы** өнімінің өсуі «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы шеңберінде ағаш отырғызу, кеспеағаш қорын игеру жөніндегі шараларды қабылдау есебінен күтіледі.

**Балық аулау** және акваөсіру саласында «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы және Балық шаруашылығын дамытудың 2021–2030 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде су айдындары мен жер учаскелері беріледі, сондай-ақ балық өсіруді жүргізу және тауарлық балық өсіру үшін қаржылық қолдау

көрсетілетін болады. Балық шаруашылығы су қоймаларынан 40 мың тоннаға жуық балық аулау күтілуде.

Нәтижесінде өсірілген және ауланған балық дайын өнімнің мынадай түрлерін: салқындатылған-мұздатылған балықты, балық сүбесін, ысталған және қақталған балықты, балық өнімдерін, аспаздық өнімдер мен жартылай фабрикаттарды, балық консервілерін, сондай-ақ май-ұн өнімдерін шығару үшін қайта өңделетін болады.

АӨК саласындағы негізгі капиталға инвестициялар 2023 жылғы 840,6 млрд теңгеден 2027 жылға қарай 1,8 трлн теңгеге дейін өседі.

**Өнеркәсіп:** орташа жылдық өсу – **3,7%**.

**Тау-кен өнеркәсібі:** орташа жылдық өсу – **2,8%**.

**Тау-кен өндіру** өнеркәсібінің өсуі мұнай өндіруді 2022 жылғы 85,7 млн тоннадан 2025 жылы 103,2 млн тоннаға дейін ұлғайту есебінен қамтамасыз етілетін болады, 2023–2025 жылдардағы орташа өсу 6,4%-ды құрайды. Сондай-ақ газ өндіру көлемін 2023 жылғы 55,6 млрд текше метрден 2027 жылы 59,0 млрд текше метрге дейін ұлғайту күтілуде.

Газдандыруды кеңейту, көмір экспорты көлемінің төмендеуі, декарбондау жөніндегі шаралар, аршу және дайындық жұмыстары көлемінің ұлғаюы тұрғысынан көмірге ішкі сұраныстың азаюы саланың өсуін тежеуші фактор болуы мүмкін. Сонымен қатар, көмір қорларының төмендеуінің әсері, техникалық жағдайлардың күрделенуі және тау-кен жұмыстарының тереңдеуі, сондай-ақ шекемтастар мен темір кені шикізатын тұтынудың төмендеуіне байланысты экспорт көлемінің қысқаруы байқалады.

Түсті металл кендерін өндіруде болжамды көрсеткіштер «бай» кен орындарындағы кен қорларының азаюы және жаңа барланған кен орындарын игеру тәуекелдерін ескере отырып есептелген.

**Өңдеу өнеркәсібі:** орташа жылдық өсу – **4,7%**.

**Азық-түлік өнімдері мен сусындар өндірісі** АӨК дамыту жөніндегі 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласына инвестициялар тарту арқылы ынталандырылатын болады. Бұл ретте мемлекеттік қолдаудың барлық шаралары: шығыстардың бір бөлігін өтеу жөніндегі инвестициялық субсидиялар, АӨК субъектілерінің лизингі мен кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелері, қайта өңдеуші кәсіпорындардың шикізат сатып алуға арналған шығындарын субсидиялау, ауыл шаруашылығы шикізатын (ірі және ұсақ қара мал, майлы дақылдар, жүгері, қант қызылшасы, қарақұмық) қайта өңдеуге тапсыру кезінде фермерлер шығындарының бір бөлігін субсидиялау сақталатын болады.

Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша 100-ге жуық инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып отыр, олар өндіріс пен экспорт көлемінің қосымша өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

**Тоқыма бұйымдарын, киім-кешек пен былғары** өнімдерін өндіру көлемінің өсуі жұмыс істеп тұрған өндірістерді жүктеу және жана өндірістер құру есебінен болжанып отыр.



**Химия** өнеркәсібінде Украина нарығының ықтимал жоғалуына байланысты агрохимиялық өнімдер өндірісінің төмендеу тәуекелі бар. Бұл ретте, тұтастай алғанда саланың оң серпіні байқалады.

**Құрылыс материалдарын** өндіру цемент кәсіпорындары үшін бөлінген көміртегі квоталарының төмендеуіне байланысты қысымды сезінуі мүмкін, бұл цемент өнімдерін өндіру көлемінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, Украинадан, Еуропадан және АҚШ-тан шикізат пен жабдықты жеткізудің қиындауы керамикалық плиткалар, минералталшықты жылытқыштар, табак шынылар және басқалар өндірісінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

**Металлургия** өндірісінің өсуі логистикалық және өндірістік тізбектердің бұзылуына байланысты тежелуі мүмкін, өйткені жеткізілетін қосалқы бөлшектерге, шығыс материалдарына, ресейлік және импорттық өндірістің технологиялық бұйымдары мен механизмдеріне тәуелділік бар.

Әлемде логистикалық және өндірістік іркілістерге байланысты тұрақсыз жағдай **машина жасаудағы** отандық өнім өндірісі көлемінің төмендеу тәуекелін тудыруы мүмкін.

**Электр энергетикасы:** орташа жылдық өсу – **0,4%**.

Болжанатын кезеңде жоспарланатын электр энергиясын өндіру 111,5 млрд кВт/сағ-тан 112,7 млрд кВт/сағ-қа дейін өседі.

**Құрылыс:** орташа жылдық өсу – **3,8%**.

Өсу болжамы құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған болжамды баға индексі ескере отырып, 5,3% деңгейінде қалыптасты.

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасының «Жайлы тұрғын үй» міндеті шеңберінде халықтың нысаналы тобы үшін тұрғын үй құрылысына 13,5 трлн теңге инвестиция тартылады, 185,1 мың адам үшін жеке тұрғын үй қорынан тұрғын үйді жалға алу шығыстары субсидияланды, 102,3 мың әлеуметтік жалға беру және кредиттік тұрғын үй және жұмыс істейтін жастар үшін 15 мың тұрғын үй салынды (сатып алынды), сондай-ақ өз жұмыскерлері үшін ауылдық жерлерде үйлер салған жұмыс берушілердің шығындары өтелді (2,9 мың үй).

Сапалы және жайлы тұрғын үйдің қолжетімділігі 103 млн шаршы метр жаңа тұрғын үйді пайдалануға беру және жеке құрылыс салу үшін 235 мың жер учаскесін инфрақұрылыммен қамтамасыз ету есебінен арттырылатын болады.

Республикалық маңызы бар 12 мың км автожол және 27 мың км жергілікті жол реконструкцияланады және салынады. Республикалық желінің 11 мың км автожолын күрделі және орташа жөндеу жоспарланған.

Базалық инфрақұрылымды кешенді дамыту шеңберінде 16 мың км сумен жабдықтау және су бұру желілерін салу және реконструкциялау, 46 топтық су құбырларын реконструкциялау, 875 км нөсер кәрізі мен арық жүйесі желілерін жаңғырту қамтамасыз етіледі. «Ауыл – Ел бесігі» жобасы бойынша ауыл ішінде 12 мың км инженерлік желілер, 10 мың км кентішілік жолдар және 1,5 мың әлеуметтік объектілер салынады және жөнделеді.

**Көрсетілетін қызметтер саласы:** орташа жылдық өсу – **4%**.

Көрсетілетін қызметтер секторының өсуіне негізгі ықпал **сауда** саласына тиесілі болады, оның орташа жылдық қарқыны 5,3%-ды құрайды. Өз кезегінде көтерме және бөлшек сауданы кеңейтуге негізгі капиталға инвестициялардың 305,6 млрд теңгеден 458,9 млрд теңгеге дейін өсуі, сондай-ақ тауарлар экспортының өсуі ықпал етеді.

**Көлік** саласындағы көрсетілетін қызметтердің өсуі контейнерлер транзитінің әлеуетін дамытудың арқасында қамтамасыз етілетін болады, ол үшін темір жол учаскелерін салу мен электрлендіру және Ақтау портында контейнерлік хаб салу бойынша 3 жоба іске асырылатын болады. Авиация саласында 2025 жылға дейін 5 әуежайдың жерүсті инфрақұрылымы жаңғыртылады және авиациялық тасымалдардың қауіпсіздігі мен қызмет көрсету стандарттарын арттыру мақсатында жергілікті әуе желісінің 8 әуеайлағы қалпына келтіріледі.

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы шеңберінде ҚР аумағы арқылы транзит көлемі 30 млн тоннаға дейін, оның ішінде контейнерлер – 1 661 мың ЖФЭ дейін жетеді.

Жалпы, көлік қызметтері негізгі капиталға салынған инвестициялардан ынталандырушы әсер алады, олар 2023 жылғы 1,4 трлн теңгеден 2027 жылға қарай 2,1 трлн теңгеге дейін өседі.

**Ақпарат және байланыс** қызметтері орта есеппен 5,6% деңгейінде өсетін болады, бұл ұлттық экономикаға ақпараттық технологияларды кеңінен енгізуге және көрсетілетін қызметтерді цифрландыруға негізделіп отыр.

#### **Ақша-кредит саясаты көрсеткіштерінің болжамы**

Орта мерзімді кезеңде **депозиттер** бойынша 2027 жылы 53,5 трлн теңгеге дейін өсу болжануда, оған экономиканың өсуі, іскерлік белсенділіктің қалпына келуі және халық табысының тиісті өсуі ықпал ететін болады.

Қорландыру көзі ретінде депозиттік базаның өсуі **экономиканы кредиттеуді** қолдайтын болады, бұған экономика мен халық табысының өсуі аясында халық пен бизнес тарапынан сұраныстың өсуі де ықпал ететін болады.

ЕДБ кредиттеудің орташа жылдық өсу қарқыны болжамды кезеңде 11,1% деңгейінде күтіледі, 2027 жылға қарай номиналды мәнде 34,2 трлн теңгеге дейін өседі.

2030 жылға дейінгі ақша-кредит саясаты стратегиясына сәйкес инфляцияның нысаналы бағдары кейіннен 2025-2027 жылдары 3-4%-ға дейін төмендеуімен 2023 жылы 4-6%, 2024 жылы 4-5% болып белгіленген.

#### **Төлем теңгерімі көрсеткіштерінің болжамы**

**Тауарлар экспорты** 2023 жылғы 75,1 млрд АҚШ долларынан 2027 жылы 83,2 млрд АҚШ долларына дейін өседі.

Орта мерзімді перспективада тауарлар экспортының өсуі көбінесе мұнай өндіру көлемінің ұлғаюымен қамтамасыз етілетін болады. Үкіметтің шикізаттық емес экспортты ұлғайту жөніндегі мақсаттарын іске асыруы нәтижесінде тауарлардың мұнай емес экспорты бірқалыпты өсетін болады.

Болжамды кезеңде **импорттың** орташа жылдық өсімі 5,3%-ды құрайды

және 2027 жылы номиналды мәнде 52,2 млрд АҚШ долларына жетеді.

Импорттың жоғары деңгейі халық пен бизнестің шетелдік тауарларға деген тұрақты сұранысымен, фискалдық шығыстармен, сондай-ақ инвестициялық жобаларды іске асыруымен қолдау табады. Бұл ретте, болжам импортты алмастыру жөніндегі мемлекеттік шараларды имплементациялау салдарынан импортқа тәуелділіктің біртіндеп төмендеуін ескереді.

### **Әлеуметтік сала көрсеткіштерінің болжамы**

Жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жаңа жұмыс орындарын құруға және олардың тиімділігін арттыру арқылы кәсіпорындар жұмыскерлерінің табысын арттыруға ықпал ететін болады.

Орта мерзімді кезеңде табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен аз халықтың үлесі 5,0%-ға дейін төмендейді, ең төмен күнкөріс деңгейі 45 485 теңгеге дейін ұлғаяды.

Жалақының ең төмен мөлшері 60 000 теңге деңгейінде сақталады, бір жұмыскердің орташа айлық жалақысы 416 462 теңгеге дейін артады.

Зейнетақының ең төмен мөлшері 64 275 теңгеге дейін артады. Базалық зейнетақы төлемінің ең төмен мөлшері 2027 жылға қарай 24 562 теңгеге дейін ұлғаяды.

## **III. Экономикалық саясаттың негізгі бағыттары**

Әлеуметтік-экономикалық дамудың көрсеткіштеріне жүргізіліп отырған экономикалық саясат ықпал етеді.

Әлемде қалыптасқан геоэкономикалық жағдайды ескере отырып, негізгі күш-жігер жаңа экономикалық модель құруға бағытталады болады.

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жақсарту үшін Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында және 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғырту жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауында азаматтардың әл-ауқатының түйінді бастамаларын айқындады.

### **Макроэкономикалық тұрақтылық**

Макроэкономикалық саясаттың негізі теңгерімді салық-бюджет және ақша-кредит саясатын жүргізу болып табылады.


Орта мерзімді кезеңге арналған **бюджет** саясаты экономиканың өсуін ынталандыру және қолдау, әлеуметтік міндеттемелерді толық көлемде орындау, адами капиталдың сапасын арттыру үшін жағдайлар жасау үшін мүмкіндіктерді шектемей, мемлекеттік қаржының теңгерімділігін қамтамасыз ету және тұрақтылығын сақтау жөніндегі міндеттерді шешуге бағытталады болады.

Мемлекеттік қаржыны шоғырландыру және олардың мұнай түсімдеріне тәуелділігін төмендету мақсатында контрциклдық бюджет қағидасына негізделген бюджет саясатын іске асыру жалғастырылады. Бұл қағида Ұлттық қордан республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферт мөлшерінің шекті

деңгейіне, сол сияқты инфляция бойынша ұзақ мерзімді мақсатқа ұлғайтылған нысаналы ұзақ мерзімді экономикалық өсу деңгейіндегі мемлекеттік шығыстардың өсу қарқынына тікелей шектеу белгілейді.

Тұтастай алғанда, Үкімет белгілеген түйінді ұлттық бағдарларға қол жеткізудегі басымдықтар Қазақстанның 2050 жылға дейінгі стратегиясының, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының мақсаттарына сәйкес келеді. Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарының мәлімделген мәндердегі көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін бюджет саясаты ЖІӨ-ге қатысты мұнай емес тапшылық деңгейін 2025 жылға қарай 6,0%-ға дейін біртіндеп төмендету және фискалдық бюджеттің тапшылығы деңгейін орта мерзімді кезеңде ЖІӨ-нің 3%-дан аспайтын деңгейде ұстап тұру негізге алына отырып қалыптастырылатын болады.

**4-сурет. Мемлекеттік бюджеттің мұнайлық емес тапшылығы, ЖІӨ-ге қатысты %-бен**



Өз кезегінде, шығыстардың бірінші кезектілігі ҚР Ұлттық даму жоспарының мақсаттары мен нысаналы индикаторларының басымдығы негізге алына отырып айқындалатын болады.

Бюджет шығыстарының тиімділігін арттыру бюджетті жоспарлау кезінде пайдаланылатын әдістер мен құралдарды жетілдіру арқылы қамтамасыз етілетін болады. Субсидиялар мен бюджеттік инвестицияларға арналған шығыстардың экономикалық қайтарымын бағалауды енгізу жоспарлау сатысында-ақ болашақ бюджет кірістері, жұмыс орындары, жеке инвестициялар түрінде экономикаға барынша қайтарымды шығыстарға басым түрде қаражат бөлуге ықпал ететін болады.

Бюджетаралық қатынастар саясаты өңірлердің өзін-өзі қамтамасыз етуін ынталандыруға және жергілікті бюджеттердің республикалық нысаналы трансферттерге тәуелділігін төмендетуге бағытталатын болады.

Бюджетаралық қатынастарды реформалау шеңберінде салық түсімдерінің жекелеген түрлерін жергілікті деңгейге беру, республикалық және жергілікті бюджеттер арасындағы қарсы трансферттерді барынша азайту жөніндегі тәсілдер пысықталатын болады.

**Салықтық** базаны жақсарту салықтық және кедендік әкімшілендіруді цифрландыру, көлеңкелі экономикамен күрес есебінен жалғасатын болады.

Акциздік саясатты жетілдіру, табиғи ресурстарды өндіруден түсетін кірісті күшейту шеңберінде салық жүктемесін қайта қарау, тиімсіз салық жеңілдіктерін

жою сияқты мәселелерді қарау жоспарлануда.

Бюджет кірістерін ұлғайту мақсатында пайдалы қазбаларды өндіру салығының мөлшерлемелерін арттыру арқылы тау-кен секторына салынатын салықтық жүктеме қайта қаралатын болады, капиталды елден шығаруды ынталандырмау, цифрлық майнинг үшін қолданыстағы төлемақы мөлшерлемесін ұлғайту жөніндегі мәселелер пысықталатын болады.

**Ақша-кредит саясатының** мақсаты елдегі баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. Осыған байланысты Ұлттық банктің күш-жігері ұзақ мерзімді тұрақты экономикалық өсу үшін жағдай жасауға ықпал ететін инфляция бойынша нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізуге бағытталатын болады.

Ақша-кредит саясатының негізгі құралы инфляцияның нақты және болжамды деңгейіне және басқа параметрлерге байланысты белгіленетін базалық мөлшерлеме болып қала береді. Базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер экономиканың сыртқы және ішкі секторындағы жағдайдың одан әрі дамуына, инфляциялық күтулердің серпініне және бағаның өсуін тежеу бойынша Үкімет іске асыратын шаралардың тиімділігіне байланысты болады.

Инфляцияның белгіленген нысаналы дәлізге кіруі үшін Ұлттық Банк инфляциялық таргеттеу қағидаттарын ұстануды және дезинфляциялық ақша-кредит саясатын жүргізуді жалғастырады. Валюталық саясат шеңберінде Ұлттық Банк теңгерімсіздіктердің жинақталуын болдырмай, сыртқы күйзелістерді сіңіретін және сонымен бір мезгілде елдің алтын-валюта резервтерін орынды пайдалануға мүмкіндік беретін икемді бағам қалыптастыруды ұстануды жалғастырады.

Ұлттық Банк ақша-кредит саясатының ашықтығын арттыруға бағытталған шаралар қабылдауды да жалғастырады. Белсенді коммуникация базалық мөлшерлеме бойынша шешімдерді және қойылған мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін басқа да іс-шараларды түсіндіруді қамтитын болады.

**Қаржы секторының** тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында SREP (Supervisory review and evaluation process) әдіснамасы бойынша қадағалау процесін жетілдіру арқылы тәуекелге бағдарланған қадағалауды одан әрі дамыту және AQR басым қадағалау құралдарын және қадағалау стресс-тестілеуін дамыту бойынша жұмыс жалғастырылатын болады. Корпоративтік басқару сапасын, банктердегі тәуекелдерді бағалау және басқару жөніндегі бизнес-процестерді (SREP) жақсарту, банк жүйесінің негізгі активтерінің сапасын жыл сайын тексеруді қоса алғанда, банк активтерін бағалаудың ауқымы мен тереңдігін (AQR) ұлғайту және банктердің экономиканы дамытудың ықтимал стрестік сценарийлеріне (күйзелістерге) тұрақтылығын арттыру банк секторына деген сенімді және банктердің қаржылық орнықтылығын арттырудың қажетті элементтері болып табылады.

2023 жылдан бастап банктерді анықталған кемшіліктерді жедел жоюға, тәуекелдерді басқару жүйесін жақсартуға және ішкі бақылау сапасын арттыруға ынталандыру үшін капиталға жеке қадағалау үстемесін енгізу болжанады.

Сақтандыру нарығын дамытуға сақтандыру өнімдерін кеңейту үшін жағдайларды қамтамасыз ету арқылы жалпы сақтандыруды және өмірді

сақтандыруды дамытуға, сақтандырудың әлеуметтік және жаппай түрлері бойынша кепілдік төлемдердің тетіктерін жетілдіруге, сондай-ақ деректер базасының бірыңғай жүйесі арқылы сақтандыру шығындарын онлайн реттеуді енгізуге бағытталған заңнамалық бастамалар іске асырылады.

Қор нарығын дамыту оның экономиканы қаржыландырудағы рөлін жандандыруға, институционалдық және бөлшек сауда сұранысын күшейтуге, эмитенттерді нарыққа шығуға ынталандыруға, нарықты цифрландыру және дамыған сенімді ортаны қалыптастыру үшін жағдай жасауға бағытталады. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың тәуекелдерін және олардың қаржылық тұрақтылығын бағалау, бағалы қағаздар нарығындағы жосықсыз практиканың жолын кесу рәсімдерін жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғасады.

Қаржылық реттеу және Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің, Сақтандыру қадағалауларының халықаралық қауымдастығының (IAIS), Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымының (IOSCO) негізгі қағидаттары мен ұсынымдарына толық сәйкестікті қамтамасыз ету саласындағы үздік халықаралық практикаларды енгізу жалғастырылады.

Ұлттық Банктің макропруденциалдық саясаты шеңберінде қаржылық тұрақтылықты қолдау мақсатында қаржы институттарын талдау, сәйкестендіру және бүкіл қаржы жүйесінің тұрақтылығына елеулі әсер ететін жүйелік маңызы бар тізімге жатқызу және оларға меншікті капиталдың жеткіліктілігіне тиісті талаптарды қолдану бойынша жұмыс жыл сайын жүргізілетін болады.

### **Экономика салаларын дамыту**

Кәсіпорындарды технологиялық жаңғыртуға, бәсекеге қабілетті экспортқа бағдарланған өндірістер мен инфрақұрылымды дамытуға ден қоя отырып, тиімді индустриялық саясат жаңа экономикалық саясаттың аса маңызды құрамдас бөлігі болады.

**Агроөнеркәсіптік кешенді** дамытудың мемлекеттік саясаты еңбек өнімділігін екі жарым есе арттыру, АӨК өнімдерінің экспортын екі есе ұлғайту және отандық өндірістің ƏMAT қамтамасыз ету арқылы саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған АӨК дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы мен АӨК дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын болады.

Жер пайдаланушылар арасында түсіндіру жұмысын жандандыру және жер заңнамасы талаптарының орындалуын бақылауды күшейту есебінен өсімдік шаруашылығында әртараптандыру қамтамасыз етіледі. Ол моно-, суды көп қажет ететін дақылдардың (күріш, мақта) алаңдарын оңтайландыру және баламалы жоғары рентабельді дақылдарды (майлы, дәнді-бұршақты, жармалық, жемдік-астық, көкөніс-бақша, жемшөп және т.б.), кеңейту, бұл олардың өндірісін ұлғайтуға ықпал етеді.

Селекциялық-асыл тұқымдық жұмысты жетілдіру үшін жануарлардың ДНҚ-талдауы мен геномдық бағалау әдістемесі өндіріске кеңінен енгізілетін болады.

Дамыған елдердің тәжірибесін пайдалана отырып және стратегиялық

трансұлттық компанияны тарта отырып, етті мал шаруашылығын жедел дамыту жөнінде жүйелі шаралар қабылданатын болады.

Сүт-тауар фермалары желісін және құс етін өндіру жөніндегі қуаттарды дамыту бойынша басталған жұмыс жалғасады.

АӨК техникалық паркін жаңарту қарқынын жеделдету үшін ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуды мемлекеттік қолдау шаралары (субсидиялаудың құндық лимиттерін өзектілендіру, отандық өндірісті оқшаулау үлесін ұлғайту, отандық өндіріс техникасын жеңілдікпен кредиттеуді кеңейту) жетілдірілетін болады.

Өндірістің тиімділігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған шаруашылықтардың зәкірлік кооперациялары арқылы қаржылық қолдау көрсету үшін әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың қатысуымен жеке қосалқы шаруашылықтарды кооперациялау бойынша Жамбыл облысының тәжірибесі кеңейтіледі.

Кепілдікті қамтамасыз ету ретінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді жалға алу құқығын пайдаланудың жаңа тетіктерін енгізу есебінен кредиттік ресурстардың қолжетімділігі артады.

**Мұнай-газ секторын дамыту** ірі кен орындарында мұнай өндіру көлемін арттыруға, сондай-ақ ішкі нарықтың мұнай өнімдеріне қажеттілігін қамтамасыз етуге, мұнай тасымалдаудың экспорттық бағыттарын әртараптандыруға бағытталатын болады.

Бұдан басқа, жоғары өңделген және игерудің кейінгі сатысында тұрған мұнай-газ кен орындарын игеруді ынталандыру мәселесі пысықталуда.

Газ саласының жұмыс істеуі Газ саласын дамытудың 2030 жылға дейінгі кешенді жоспары шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

**Энергетикалық қауіпсіздік** саясатын іске асыру шеңберінде елдің 2035 жылға дейінгі энергетикалық теңгерімі әзірленді. Энергетикалық қуатты дамытудың мақсатты пайымы электр энергиясын өндіруге, жаңа электр станцияларын салуға және қолда бар қуаттарды қолдауға бағытталған.

**Атом өнеркәсібін** дамыту шеңберінде қосылған құнның ұзақ мерзімді және елеулі өсуін қамтамасыз ете алатын реакторға дейінгі ядролық отын циклі сатысында инвестициялау мүмкіндіктері зерделенеді.

**Көмір өндіру өнеркәсібін** одан әрі дамыту көмірді кешенді терең өңдеу, сондай-ақ көмірден дизель отынын және басқа да сұйық синтетикалық өнімдерді өндіру бағдарламаларын кеңейту есебінен көмір өндіру көлемін сақтауға бағытталатын болады.

**Тау-кен металлургия өнеркәсібінде** бәсекеге қабілетті өндірістердің саны ұлғайтылады, ШОБ-ты тарта отырып, қосылған құны жоғары терең қайта өңдеу өнімдерінің номенкатурасы кеңейтіледі және үлесі арттырылады. Сондай-ақ, ресурс пен энергия сыйымдылығын төмендете отырып, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар жаңғыртылатын болады, еңбек өнімділігі артады, шикізатты алу және кешенді қайта өңдеу технологиялары бойынша инновацияларды дамыту, сондай-ақ минералдық-шикізат базасын кеңейту және молайту бойынша жұмыстар жалғасатын болады.

**Жеңіл өнеркәсіпті** дамыту қосылған құнның толыққанды тізбегін құруды

және өндіріс көлемін өсіруді көздейтін оның әлеуметтік тиімділігін күшейте отырып, сала өнімінің бәсекеге қабілеттілігін әртараптандыруға және арттыруға бағытталатын болады. Сондай-ақ ішкі және сыртқы нарықта жеңіл өнеркәсіп тауарларын ілгерілету жүргізілетін болады.

**Химия өнеркәсібінде** экспорт үшін өнім өндіру мақсатында агрохимияны дамыту жалғастырылатын болады. Өнеркәсіпке арналған химикаттар өндірісі базалық және ішкі нарыққа бағдарланған ретінде сақталады. Агрохимиялық секторды перспективалы дамыту мақсатында минералды және күрделі (NPK) тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғау құралдарын өндіру жоспарлануда.

**Фармацевтика саласын** дамыту жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту және жаңа өндірістер салу, саланы кадр ресурстарымен қамтамасыз ету және жобаларды іске асыру үшін инвестициялар тарту есебінен елдің отандық дәрілік препараттарға қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталатын болады.

**Машина жасау** саласын дамыту ішкі нарықтың қажеттіліктерін қанағаттандыруға және қосылған құны жоғары түпкілікті өнім өндірісін ұлғайту есебінен экспортты кеңейтуге ықпал ететін болады. Автомобиль өнеркәсібін дамыту және автомобиль құрамдауыштарын өндіру машина жасаудың іргетасына айналады.

**Құрылыс саласында** импортты алмастыруға және бәсекеге қабілетті отандық құрылыс материалдары нарығын қалыптастыруға басты назар аударылатын болады.

Ішкі нарықты отандық өндірістің неғұрлым сұранысқа ие құрылыс тауарларымен (санфаянс, ламинатталған жабын, шыны мақта, қыш тақтайшалар, бөлмеаралық есіктер, жылу оқшаулағыш материалдар) қамтамасыз ету бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

Жалпы, 2025 жылы «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы шеңберінде салада 396 мың тұрақты және уақытша жұмыс орны құрылатын болады, республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының сапа деңгейі 100%-ға дейін және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының сапасы 95%-ға дейін артады.

**Туризмді** дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау және туристік саланы дамытуға заманауи технологияларды енгізу 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобада қарастырылған.

ҚР туристік саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасының негізгі мақсаты елдің ЖІӨ жалпы көлеміндегі туризм үлесін 2026 жылға қарай 6,5%-ға дейін қол жеткізу болып табылады.

**Сауда саласын** дамытудың мақсаты нарықты сапалы өніммен молықтыруды және экспорттық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін заманауи сауда жүйесін құру және дамыту болып табылады.

Көлеңкелі экономиканың деңгейін төмендету, әртүрлі сауда форматтарын (сауда желілері, нарықтар және басқа да өркениетті сауда форматтары) дамыту және ішкі сауда саласында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізу үшін мемлекет пен бизнестің серіктестігі негізінде дамуды ынталандыруға бағытталған саланы



қаржылық және қаржылық емес мемлекеттік қолдау саясаты қайта қаралатын болады.

Бұдан басқа, сауда қызметін дамыту туралы заң жобасының тұжырымдамасы әзірленуде және заңнамалық деңгейде ЭМАТ бағасын тұрақтандыру, сауда нарықтарын реттеу және сауда нарықтарында сапасыз немесе контрафактілік өнім саудасы үшін жауапкершілікті күшейту бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Отандық өнімді ішкі нарықта ілгерілету үшін жосықсыз сауда практикасына заңнамалық тыйым салу мәселесі пысықталатын болады.

Сауда желілеріне өнімді қажетті көлемде тұрақты жеткізуді қамтамасыз ету, сатып алушылардың сапалы және қауіпсіз өнімге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ішкі сауда субъектілерінің өз стандарттарын және өнімді жеткізушілерге қойылатын талаптарын әзірлеуі мәселесі пысықталатын болады. Бұл өнім беруші мен сауда желісі арасындағы өзара тиімді серіктестік қатынастарды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ тұтынушылардың сатылатын өнімнің сапасына деген сенімін арттырады.

Елдің ішкі нарығының байланыстылығын арттыру және тиімді өңіраралық кооперацияны қамтамасыз ету үшін өндірушілерді, сауда-логистикалық компаниялар мен ритейлерлерді, сондай-ақ базарлар мен «үй жанындағы дүкендерді» біріктіретін сауда-тарату жүйесі құрылатын болады.

Құрылып жатқан Ұлттық тауар өткізу жүйесі ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу нарығын елеулі кеңейту үшін бірыңғай экожүйені құра отырып, елдің сауда инфрақұрылымына интеграцияланатын өндірістен бастап сатуға дейінгі толық циклді инфрақұрылымды білдіреді.

Биржалық сауданы одан әрі дамыту жөніндегі шаралар кешені іске асырылатын болады.

Электрондық сауданы дамыту бойынша жоспарлы жұмыс үш негізгі – ШОБ субъектілерін онлайн бизнеске көшуге ынталандыру, жеткізу қызметі мен логистикалық сервистерді дамыту, сондай-ақ трансшекаралық электрондық сауданы дамыту бағыты бойынша жүргізілетін болады.

ЕАЭО шеңберінде жеке тұлғалардың атына тауарларды сыртқы электрондық сауда саласындағы эксперименттік пилоттық жоба іске қосылатын болады.

Шикізаттық емес экспортты дамыту шеңберінде қазақстандық экспорттаушылар үшін өтеу, сақтандыру, кепілдік беру және субсидиялау, сондай-ақ қаржылық емес құралдар, қолдау бағдарламалары арқылы қаржылық қолдау көрсету, ҚР Сыртқы істер министрлігінің шетелдік мекемелерін тарту, экспорттық әлеуеті жоғары қызметтерді дамыту, қауіпсіздік пен сапаның халықаралық талаптарына жауап беретін жаңа ұлттық стандарттарды қабылдау бойынша шаралар қабылданатын болады.

### **Бизнес-ахуал және бәсекелестік**

Кәсіпкерлік қызметті жандандыру үшін барынша қолайлы және ынталандырушы жағдайларды қалыптастыру және жаңа экономикалық болмыс жағдайында жеке капиталды тарту мақсатында кәсіпкерлік қызметті «таза

парақтан» реттеудің жаңа тәсілдері енгізілетін болады.

Олар мемлекет пен кәсіпкерліктің өзара іс-қимылының базалық қағидаттарын жетілдіруді, «1 in 2 out» қағидатын (қолда бар екі талаптың орнына бір реттеушілік талапты енгізу), міндетті талаптар тізілімін жасауды, есептілікті пен бақылаудағы тәуекел-талдауды автоматтандыруды, мемлекеттік бақылауды жетілдіруді көздейді (тексерулерден профилактикалық іс-шараларға көшу, «тергеп тексеруді» бақылаудың жаңа нысанын енгізу).

Талаптар белгілеу шарттарын сақтау, кәсіпкерлік субъектілері үшін ақталмайтын реттеушілік талаптарды енгізуге жол бермеу, мемлекеттік реттеудің жүйелілігі мен дәйектілігі, бұрын қабылданған шешімдердің сабақтастығы, сондай-ақ мемлекеттің кәсіпкерлік субъектілеріне деген сенімін арттыру мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимыл жасасуының жаңа қағидаттарына айналады.

Бақылау және қадағалау субъектілерін іріктеу кезінде есептілікті, тәуекелдерді бағалау мен басқаруды автоматтандыру үшін 2022 жылы автоматтандырылған есептілік ұсынылатын ақпараттық жүйелер интеграцияланатын болады. 2023 жылы автоматтандырылмаған есептілікті, тәуекелдерді бағалау мен басқару жүйесін цифрландыру қамтамасыз етіледі.

Кәсіпкерлік қызметі саласындағы саясатты жетілдіру мақсатында барлық шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдаудан және бизнесті субсидиялаудан орта кәсіпкерлікті дамыту басымдығымен нарықтық тәсілдер мен құралдарға көшуді көздейтін ШОБ дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілетін болады.

**Монополияға қарсы саясат** саласындағы негізгі басымдық, оның жазалаушы бағыттылығынан «жұмсақ құқық» құралдарын неғұрлым кеңінен қолдануға ауыса отырып, проактивті бәсекелестік саясатты енгізу болып табылады.

Нысаналы дәліз шеңберінде табиғи монополиялар субъектілері мен нарық субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған **тарифтерден** инфляцияға салымдарды сақтай отырып, халық үшін реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтер тарифтерінің негізсіз өсуіне жол бермеу бойынша жұмыс жалғасады.

Бұдан басқа, халықтың әлеуметтік осал топтарын жеке тұтынушылар тобына бөлу практикасын енгізу жоспарланып отыр, бұл мұқтаж тұтынушылар санаты үшін коммуналдық қызметке ақы төлеу кезінде жүктемені төмендетуге мүмкіндік береді.

Монополистердің жауапкершілігін және тұтынушылардың коммуналдық қызметтер көрсететін субъектілерге сенімін арттыру мақсатында тұрақты негізде табиғи монополиялар субъектілері қызметінің ашықтығын арттыру және тұтынушылар қаражатының мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

### **Инвестициялық тартымдылық**

Елдің инвестициялық саясаты инвестициялар ағынын ынталандыруға және әртараптандыруға бағытталған, бұл экономиканың өсуі мен дамуының, сондай-

ақ халықтың әл-ауқатын арттырудың басты шарты болып табылады.

Тауашалық жобаларды айқындау және инвесторларды тарту мақсатында басымды орта және жоғарғы өңдеу тауарлары айқындалатын болады.

Инвестициялық жобаларды мониторингілеу және сүйемелдеу бойынша бизнес-процестерді автоматтандыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ проблемалық мәселелерді уақтылы анықтау және оларды жедел шешу үшін «Kazakh Invest» ҰК» АҚ базасында бірыңғай инвестициялық платформа құрылатын болады.

Жыл сайынғы негізде әлемдік экономика трендтерін талдауды, алынған нәтижелердің қорытындыларын және өңірлердің инвестициялық рейтингін, сондай-ақ елдің инвестициялық ахуалын одан әрі жақсарту жөніндегі жүйелі ұсыныстарды қамтитын инвестициялар жөніндегі Ұлттық баяндама қалыптастырылатын болады.

Барлық негізгі инвестициялар тарту салалары: тікелей шетелдік инвестициялардың әлемдік ағындардың жаһандық үрдістеріне бейімделуі үшін қазірдің өзінде жасалып тұрған Инвестицияларды өзара қорғау және көтермелеу туралы келісімдерді жаңғырту; жеке сектордың инвестициялық белсенділігінің өсуіне жәрдемдесу; экономиканың инвестициялық әлеуетін ашу деген негізгі үш бағыт бойынша жаңа Инвестициялық саясаттың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында қамтылатын болады.

Портфельдік инвестицияларды тарту үшін KASE мен АХҚО биржасының әлеуеті кеңінен пайдаланылатын болады. ESG қағидаттарын қолданудың өсіп келе жатқан үрдісінің маңыздылығына сүйене отырып, тұрақты даму жобаларына инвестициялар тартуды ынталандыруға баса назар аударылатын болады.

Қолданыстағы заңнамаға «бір құжат» қағидаты бойынша мұнай-газ-химия кешендері үшін инвестициялар туралы арнайы келісім тетігін енгізу бөлігінде түзетулер әзірленді.

Арнайы келісімде инвестицияларды қорғау, шикізатпен, инфрақұрылыммен қамтамасыз ету бойынша кепілдіктер, салық жеңілдіктері, халықаралық экологиялық және құрылыс нормаларын тікелей қолдану құқығы және т.б., сондай-ақ инвестордың мемлекет алдындағы міндеттемелері сияқты мемлекеттік қолдау шараларын көздеу жоспарлануда.

Мұнай-газ-химия жобалары үшін инвестициялар туралы келісімнің негізгі айырмашылығы оны жасасу кезінде Үкімет жобаның қаржылық-экономикалық көрсеткіштерін бағалаудың нәтижесі бойынша жеке мемлекеттік қолдау шараларын айқындай алатыны болып табылады. Талап етіліп отырған преференциялар инвестициялық жобаларды іріктеу өлшемшарттарына сәйкес жобаның өзін-өзі ақтау мерзіміне берілетін болады. Бұдан басқа, Жақсартылған модельдік келісімшарттар, сондай-ақ реттеушілік және фискалдық преференциялар пакеті қолданылатын кен орындарының санаттары айқындалып, келісілді.

**Бюджеттік инвестициялық саясат** Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында, ҚР Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларында және ҚР Президентінің тапсырмаларында айқындалған мақсаттар мен міндеттерді іске асыруға бағытталған.

Бюджеттік инвестициялар үшін экономика мен жұмыспен қамтудың өсуіне мультипликативтік әсері бар салалар басымды болады. Мемлекеттің ұзақ мерзімді міндеттерін іске асыру жөніндегі базаны құру үшін экономикадағы құрылымдық реформалар жалғастырылады және мемлекеттің әлеуметтік, индустриялық-инновациялық инфрақұрылым құру және халыққа мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру жөніндегі бастамалары аяқталатын болады.

Бюджеттік инвестициялардың негізгі бағыттары:

1. Экономиканың сабақтас салаларының экономикалық белсенділігін қолдау арқылы, оның ішінде өнеркәсіптік әлеуетті ашу, ауыл шаруашылығын, көлік-логистикалық кешенді, экономиканың өзіндік жеткіліктілігін арттыру және шикізаттық емес экспортты ілгерілету үшін ТҮКШ-ті дамыту жолымен экономиканы әртараптандыру және инфрақұрылымдық-инновациялық даму.

2. Табиғи құбылыстар мен техногендік апаттардың алдын алу, ҚР Қарулы күштері, басқа да әскерлер мен әскери құралымдары объектілерін салу және жаңғырту жөніндегі шараларды қаржыландыру арқылы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

3. Білім және ғылым, денсаулық сақтау, туризм және жұмыспен қамту саласындағы ұлттық жобаларды қаржыландыру арқылы әлеуметтік саланы жаңғырту.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын және мемлекеттік функцияларды іске асыруды, оның ішінде цифрландыру саласындағы ұлттық жобаларды және бағдарламалық құжаттарды қаржыландыру есебінен арттыру болады.

Бәсекелі ортаны дамыту және экономикаға инвестициялар тарту мақсатында МЖӘ жобаларын іріктеу, дайындау және басқару процестерін институционалдық қолдау жүйесі жетілдіріледі, қолданыстағы МЖӘ жобаларын мемлекеттік қолдау құралдары пысықталады.

МЖӘ жобаларын жоспарлаудың сапасын арттыру, табысты іске асыру үшін салық түсімдерін арттыруға, МЖӘ жобаларын жүзеге асыру жөніндегі іс-шараларды талдау негізінде бюджет шығыстарын қысқартуға және әлеуметтік-экономикалық тиімділіктің жоспарланған көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағытталған Қабылданған мемлекеттік міндеттемелердің тиімділігін бағалау әдістемесі әзірленетін болады.

Тікелей келіссөздер тетігі, әлеуетті жеке әріптестерді біліктілік іріктеу бөлігінде заңнама нормалары қайта қаралатын және үлгілік заң құжаттамасы жетілдірілетін болады.

Мемлекеттік қаражатты неғұрлым тиімді жұмсау үшін МЖӘ тетіктері барынша нәтиже бере алатын экономиканың басым секторларының тізімі қалыптастырылатын болады.

Көлік, энергетика, әлеуметтік инфрақұрылым және ТКШ инфрақұрылымын салу үшін МЖӘ тетігін дамыту жалғастырылатын болады. МЖӘ дамытуға жеке инвестицияларды тартуды ынталандыру есебінен денсаулық сақтау мен білім беруді қаржыландыруды ұлғайту жалғасатын болады.

Сонымен қатар, ұзақ мерзімді қаржыландыру инфрақұрылымы жұмылдырылады, МЖӘ-ні қолдау үшін бюджет процесінің тетігі жетілдіріледі. Бюджеттен тыс қаражат есебінен іске асырылатын МЖӘ жобаларына басымдық беріледі, МЖӘ дамыту орталығының МЖӘ жобалары бойынша жекеше әріптестердің қарыздар тартуы үшін балама кепілдіктер беру мүмкіндігі қарастырылады, сондай-ақ МЖӘ жобаларын қаржыландыруға халықаралық қаржы ұйымдарын тарту жоспарланып отыр.

Инфрақұрылымдық қаржыландыруды дамыту, кедергілерді жою, сондай-ақ АХҚО соты мен ХАО-ны МЖӘ және концессия жобалары үшін барлық түрдегі дауларды шешу орны ретінде пайдалану үшін МЖӘ және концессия саласындағы заңнамалық база халықаралық практикаға сәйкес келтірілетін болады. АХҚО юрисдикциясы жалпы таңдауы бойынша жеке әріптестерге де, сол сияқты мемлекеттік әріптестерге де қолжетімді болады.

### **Цифрландыру және инновация**

Цифрлық технологияларды дамыту, мемлекеттік басқаруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жаңа үрдістерін пайдалану, цифрлық сауаттылық деңгейін арттыру, кең жолақты байланысты енгізу бәсекеге қабілетті елді қалыптастыру кезінде басты басымдықтар болып табылады.

Экономика салаларын цифрландыруды дамыту мақсатында стартап қозғалыстарын, инновациялық ІТ-компанияларды дамыту, шетелдік инвестицияларды тарту, сондай-ақ оқушылар мен студенттер арасында ІТ-мәдениетті ілгерілету саясаты жалғастырылатын болады.

Бұдан басқа, «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» Ұлттық жобасын іске асыру АКТ, инновациялар және цифрландыру салаларындағы бірқатар бағыттарды нығайтуға және дамытуға ықпал ететін болады.

Саланы дамыту жөніндегі шараларды одан әрі іске асыру цифрлық технологияларды пайдалану есебінен елдің әрбір тұрғынының өмір сүру деңгейін арттыра отырып, Қазақстанның цифрлық трансформациясын жеделдетуге мүмкіндік береді.

Сымсыз, тіркелген байланыс технологияларымен (қолданыстағы желілерді жаңғырту арқылы) қамтамасыз етілген аумақтарда ұсынылатын **байланыс қызметтерінің** сапасын жақсарту бойынша жоспарлы жұмысты жалғастыру, сондай-ақ елді мекендерді кең жолақты қол жеткізумен қамтуды кеңейту жоспарлануда.

Қала мен ауыл арасындағы цифрлық теңсіздікті барынша азайту, халықтың экономикалық белсенділігі үшін жағдай жасау жаңа телекоммуникациялық технологияларға негізделген заманауи инфрақұрылым құрылатын болады.

Қатынауы қиын және шалғайдағы ауылдық елді мекендерді қамтамасыз ету үшін байланыс операторларына электр беру желілері бойынша трафик беруді жүзеге асыруға мүмкіндік беру жоспарланып отыр. Бұл мүмкіндік электр беру желілері бар ауылдық елді мекендердің интернет желісіне қол жеткізуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, өндірістік қуаттарды арттыру және «цифрлық

экономиканы» қалыптастыру үшін жағдай жасау үшін жоғары сапалы интернетті қамтамасыз ететін 5G бесінші буынның мобильді байланыс технологияларын дамыту жалғасады.

Елдің бүкіл аумағында, оның ішінде шалғайдағы ауылдық елді мекендерде халықты жаппай жылдамдығы жоғары интернетпен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешу мақсатында геостационарлық емес спутниктік орбиталарда спутниктік топтамаларды тарту бойынша жұмыс жалғасатын болады.

### **Адами капитал**

Адами капиталды дамыту мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесін жақсарту және тиісті инфрақұрылымды кеңейту, мектептерді жаңғырту, білім беру сапасын арттыру, кәсіптік оқыту үшін мүмкіндіктер жасау, білікті кадрларды, инженерлердің жаңа буынын жедел даярлау, ғылымды дамыту, ауылдық жерлерде медициналық көмек көрсетуді жетілдіру, жоғары технологиялық медициналық көмекті дамыту, дәрі-дәрмектерге қолжетімділікті кеңейту, әлеуметтік қолдау және азаматтардың жұмыспен қамту арқылы жүзеге асырылатын болады.

**Әлеуметтік** қамсыздандыру саласы пандемияны, қазіргі жүйелі және жаһандық проблемалар ескеріле отырып, жаңа болмысқа бейімделетін және елдің Әлеуметтік кодексімен реттелетін болады.

Халықтың табысын арттыру бағдарламасы жұмыс орындарын құруға және ауқымды жұмыспен қамтуды дамытуға, еңбек кірістеріндегі теңгерімсіздіктерді жоюға, азаматтардың өндірістік дағдыларын дамытуға, бюджеттік жұмыскерлердің жалақысын арттыруға, ғылым мен инновациялық технологияларды дамытуға бағытталатын болады.

Әлеуметтік төлемдерді индекстеу қамтамасыз етілетін және әлеуметтік қызметтер көрсетудің өтінімдік нысаннан анықтаушылық нысанға көшу жүзеге асырылатын болады.

Еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіби дағдылар мен біліктіліктерді алу, кәсіпкерлікті дамыту және өз ісін ашуға жағдай жасау үшін «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» бекітілді. Жұмыспен қамтылған адамдардың жекелеген санаттары, жұмыссыздар және біліктілігі жоқ өзге де адамдар оқыту, сұранысқа ие кәсіптер мен кәсіпкерлік негіздер бойынша дағдыларға үйрету, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу арқылы нәтижелі жұмыспен қамтуға тартылатын болады.

**Білім беру** саласында білім алушының тұратын жеріне және әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, қолжетімді, тең дәрежеде және сапалы білім беруге ерекше назар аударылатын болады. Білім беруді дамытудың негізгі басымдықтары «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында айқындалған.

3 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың 100% қамтылуын қамтамасыз ете отырып, мектепке дейін тәрбиелеу мен оқытудың маңызы зор болмақ.

Апатты және үш ауысымды мектептер, оқушы орындарының тапшылығы проблемаларын шешу үшін 2021-2025 жылдары 1000 жаңа мектеп іске қосылады.

ТЖКБ жүйесі бірінші мамандық дағдыларын кепілді түрде алу, тегін кәсіптік білім алуға барлық тілек білдірушілерді толық қамти отырып, жұмыс күшін жаңа талаптарға бейімдеу жөніндегі міндеттерді шешетін болады.

Өңірлердің зияткерлік әлеуеті мен академиялық экожүйесін дамыту үшін 20 университет базасында Академиялық артықшылық орталықтарын құру жоспарлануда. Жоғары білім беру жүйесін жаңғырту жалғастырылады. Назарбаев Университетінің тәжірибесі бойынша 2 озық өңірлік ЖОО құрылатын болады.

Инклюзивті білім беру үшін жағдай жасай отырып, «Өмір бойы оқыту» қолжетімді моделін сапалы іске асыру барлық білім беру деңгейлерін дамыту мақсатына айналады.

Жеке инвестицияларды тарту және МЖӘ дамыту есебінен білім беруге инвестициялар ұлғайтылатын болады.

**Денсаулық** сақтау саласындағы саясат сапалы, қолжетімді медициналық көмек көрсетуге бағытталатын болады.

Халықтың салауатты өмір салтын ұстануын қалыптастыру үшін негізгі әлеуметтік маңызы бар инфекциялық және инфекциялық емес аурулардың алдын алу мен мониторингілеу бойынша іс-шаралар іске асырылатын болады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының: «Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер», «Салауатты университеттер», «Салауатты қалалар», «Салауатты жұмыс орындары» деген жобалары белсенді түрде енгізілетін болады.

Алғашқы медициналық-санитариялық көмек қызметі мен ауылдық денсаулық сақтауды дамыту көлік медицинасын қайта жандандыру, отбасылық медицинаны одан әрі дамыту, қашықтықтан көрсетілетін медициналық қызметтер спектрін кеңейту, жан басына шаққандағы қаржыландыруды дамыту арқылы олардың ұтқырлығы мен халыққа қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

Шалғайдағы және жетуі қиын жерлердің тұрғындарын сапалы және мамандандырылған медициналық қызметтермен қамтамасыз ету үшін санитариялық авиация қызметтері пайдаланылатын, кең бейінді диагностикалық жылжымалы медициналық көрсетілетін қызметтер кешенімен (рентген-аппараттармен, ультрадыбыстық зерттеу, электрокардиография және гинекологиялық қарау жабдықтарымен, анализдер қабылдау) және бөлшек сатылатын дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге арналған жылжымалы дәріхана пункттерімен қамту ұлғайтылатын болады.

Жаһандық фармацевтикалық корпорациялармен (Big Pharma) ынтымақтастық жөніндегі белсенді шаралар және отандық дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өндіруге инвестициялар тарту, технологиялар мен жаңа әзірлемелер трансферті оның жергілікті фармацевтикалық нарықтағы үлесін 2025 жылы 50%-ға дейін арттыруға ықпал ететін болады, бұл 50% отандық өндіріс есебінен денсаулық сақтау объектілері мен халықтың дәрілік заттарға деген қажеттілігін жабуға мүмкіндік береді.

Жаңа әлеуметтік маңызы бар вакциналар мен диагностикалық тест-жүйелерін әзірлеу және Қазақстан аумағында қауіпті, аса қауіпті инфекциялар

мен аурулардың бірыңғай цифрлық деректер банкін құру бойынша жұмыс жүргізілетін болады. Өнеркәсіптік штаммдар мен дәнді дақылдар коллекцияларын цифрландыру елдің биологиялық және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Биомедициналық зерттеулер нарығын дамыту үшін клиникалық зерттеулер, оның ішінде Клиникалық зерттеулер жөніндегі үйлестіру орталығын құру және клиникалық зерттеулер саласында «бір терезені» іске қосу арқылы жүргізудің құқықтық шеңберлері жетілдірілетін болады. ҚР аумағында жүргізілетін денсаулық мәселелері бойынша барлық зерттеулерге (Open Access форматында) қол жеткізуді қамтамасыз ететін биомедициналық зерттеулердің ұлттық тіркелімі жасалатын болады.

Сонымен қатар, 4П-медицинаны дамыту үшін үлкен деректер базасы бар дербестендірілген медицина саласында клиникалық зерттеулер жүргізуге аранлған биобанк құрылатын, сондай-ақ медициналық жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдарда генетикалық зертханалар мен өзге де ғылыми зертханаларды тиісінше жарақтандыру қамтамасыз етілетін болады.

Бұдан басқа, эпидемиологиялық болжау және ден қою жүйесінің жаңа моделі енгізілетін, биоқауіпсіздік және сәйкестікті бағалау саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес жаңа санитариялық-эпидемиологиялық сараптама зертханалары салынады, жұмыс істеп тұрғандарына жөндеу жүргізіліп, жоғары технологиялық жабдықпен жарақтандырылатын болады.

### **Мемлекеттік басқару жүйесі**

Ағымдағы әлеуметтік процестер мен жаңа экономикалық сын-қатерлер жағдайында жаңа мемлекеттік басқару моделі «халық үніне құлақ асатын», тиімді және кәсіби мемлекет қағидаттарына негізделетін болады.

Оңтайлы, тиімді және ашық мемлекеттік аппаратты қалыптастыру мемлекеттің «бюрократиялық» модельден азаматтардың сұраныстарына жауап беретін модельге көшуі мемлекеттік басқарудың сервистік моделін қамтамасыз етеді.

Халық алдында есеп беру кездесулерін өткізу, азаматтарды жеке қабылдау, ақпаратты тұрақты орналастыру шаралары арқылы сындарлы қоғамдық диалог құрылады. Бұл азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттыру мақсатында жергілікті тұрғындармен жүргізілетін өзара іс-қимыл кезінде шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Өкілеттіктерді орталықсыздандыру жалғастырылады, бұл мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы жауапкершілік пен ресурстар теңгерімінің дұрыс болуын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару органдары өкілеттіктерінің аражігін ажырата отырып, ауылдар, кенттер, аудандық маңызы бар қалалар және ауылдық округтер деңгейінде толыққанды жергілікті өзін-өзі басқаруды енгізудің маңызы ерекше.

Мемлекеттік аппаратты одан әрі жетілдіру мақсатында мемлекеттік саясатты іске асыруға тікелей байланысты емес мемлекеттік органдардың



қосалқы бөлімшелері орталықтандыру немесе аутсорсинг арқылы оңтайландырылады.

Тиімді мемлекеттік аппаратты қалыптастыру шеңберінде мемлекеттік органдардың қайталанатын, артық, тән емес функциялары жойылып, жетіспейтін функциялары қосылады.

Еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу мемлекеттік қызметшілердің жеке меншік сектормен бәсекеге қабілетті жалақысын қамтамасыз етеді және орталық пен өңірлердегі мемлекеттік қызметшілердің айлықақы мөлшеріндегі сәйкессіздікті азайтады.

**Мемлекеттік қызметтер** көрсету саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру, оның ішінде мерзімдерді есептеу институттарын, өкілдікті, халықаралық-құқықтық қатынастарды енгізу, әкімшілік-құқықтық жауапкершілікті белгілеу, құқықтық нормалардың жоғары талаптары мен коллизияларын болдырмау жалғасады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласында өмірлік жағдайларды кешенді шешу және барынша белсенді форматты енгізу басым бағыттар болады. Қашықтан жұмыс істеу форматы және көрсетілетін қызметтерді жолданым жасамай алу мүмкіндігі оларды ыңғайлы және қауіпсіз түрде алу мүмкіндігін арттырады.

Электрондық мемлекеттік қызметтер көрсету үшін мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыруға және ақпараттық-коммуникациялық қамтамасыз етуге, сондай-ақ халық арасындағы цифрлық теңсіздікті барынша азайтуға және көрсетілетін қызметтерге қолжетімділікті арттыруға ерекше назар аударылатын болады.

Азаматтар үшін мобильдік қосымшалардың («смартфондағы мемлекет») әлеуеті мен ыңғайлы болуына баса назар аударыла отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді цифрландыру жалғастырылады.

### **Өңірлік даму**

Елдің өңірлік саясаты өңірлердің ішкі және сыртқы бәсекеге қабілеттілігін арттыру, халықтың тұрмыс сапасын тұрғылықты жеріне қарамастан жақсарту үшін қолайлы жағдайлар мен факторларды қалыптастыруға бағытталатын болады.

ҚР-ның 2025 жылға дейінгі аумақтық даму жоспары шеңберінде мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы теңгерімді даму жүзеге асырылатын болады, сондай-ақ инвестициялардың артуы мен еңбек нарығын трансформациялау үшін жағдайлар жасау мақсатында барлық өңірлерді стратегиялық байланыстырушы инфрақұрылыммен жарақтандыру қамтамасыз етіледі.

Аумақтық даму жоспарында аумақтық-кеңістіктік дамудың үш қағидаты айқындалған:

1. Аумақтық бейтараптық – салалық саясатта өңірлік кемсітушіліктің болмауы.

2. Адамға бағдарланған орталық – мемлекет адамдар мен бизнестің кеңістіктік таңдауына араласпайды, бұл ретте халықтың базалық мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге тең қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

3. Өңірлердің дербестігі – өңірлердің жергілікті жерлердегі проблемаларды шешу үшін жеткілікті өкілеттіктері мен ресурстары болуға тиіс.

Елдің аумақтық даму жоспарын іске асыру үшін «Базалық көрсетілетін қызметтерге тең қолжетімділік» және «Көлік байланысын қамтамасыз ету» атты екі бағыттан тұратын «Қуатты өңірлер – елді дамытудың драйвері» ұлттық жобасы қабылданды.

Нәтижесінде, 2025 жылға қарай халықты ауыз сумен толық (100%) қамтамасыз етуге, қалаларда сарқынды суларды 100% тазартуға қол жеткізілетін болады.

Тірек ауылдардағы жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 100%-ға дейін жеткізіледі, 3,5 мыңнан астам ауыл инфрақұрылымы жаңа өңірлік стандарттарға сәйкестендіріледі.

Бұл жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы республикалық маңызы бар жолдардың үлесін 100%-ға дейін және жергілікті маңызы бар автожолдардың үлесін 95%-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

### **Экономикалық интеграция**

Сыртқы сауда саясатының негізгі мақсаты әлемдік сауда жүйесіне интеграциялау арқылы:

ДСҰ-ға мүшелік шеңберінде ҚР қабылдаған міндеттемелерді орындауға;

ЕАЭО және ДСҰ мүшелігі шеңберінде ұлттық мүдделерді қорғауға;

ДСҰ шеңберінде сауданы оңайлатуға;

ЕАЭО шеңберінде үшінші елдермен еркін сауда туралы келісімдер жасасу жөнінде келіссөздер жүргізуді жалғастыруға;

экспорттық мүддесі неғұрлым жоғары жаңа әріптестермен еркін сауда аймақтарын құрудың орындылығын зерделеуге;

ТМД еркін сауда режимін жетілдіруге және тереңдетуге;

отандық тауар өндірушілерді қолдау және тұтынушыларды қорғау мақсатында кедендік-тарифтік, тарифтік емес реттеу шараларын, сондай-ақ демпингке қарсы, өтемақы және арнайы қорғау шараларын қолдану бойынша жұмыс жүргізуге;

үшінші елдер қорғау шараларына бастамашы болған немесе оларды енгізген жағдайда, қазақстандық кәсіпорындардың мүдделерін қорғау жөніндегі жұмысты жүргізуге;

отандық шаруашылық жүргізуші субъектілердің кедендік әкелу баждары мөлшерлемелерін өзгерту жөніндегі ұсыныстарын Еуразиялық экономикалық комиссияда келісу жөніндегі жұмысты жалғастыруға;

сыртқы саудадағы реттеу шараларын жедел қарап, қабылдауды күшейтуге бағытталған ұлттық заңнаманы жетілдіруге бағытталған елдің экономикалық мүдделерін ілгерілету мен қорғаудың тиімді және жедел жүйесін құру болып табылады.

Сыртқы сауданы ілгерілету мақсатында халықаралық интеграция:

отандық тауарларды шет мемлекеттердің нарықтарына ілгерілету үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оның ішінде үшінші елдермен еркін сауда аймағы туралы келісімдер жасасу арқылы, сондай-ақ ҚР халықаралық міндеттемелерін ескере отырып, халықаралық сауда байланыстарын нығайту және дамыту;

ЕАЭО туралы шартқа сәйкес ЕАЭО-ға мүше мемлекеттермен өзара тиімді ынтымақтастық құру бойынша тиімді саясат жүргізу, ЕАЭО-ның ішкі нарығындағы кедергілерді, алып қоюлар мен шектеулерді анықтау және жою жөніндегі жұмысты жалғастыру арқылы жетілдірілетін болады.

#### **IV. Мемлекеттік қаржының тұрақтылығы**

##### **Мемлекеттік қаржының тұрақтылығын бағалау**

Бұл кіші бөлім Бюджеттік тәуекелдер және мемлекеттік қаржының ұзақ мерзімді тұрақтылығы туралы талдамалық есепте көрсетілетін болады.

##### **Жоспарлы кезеңге арналған бюджет параметрлерінің болжамы**

Жоспарлы кезеңге арналған бюджет параметрлерінің болжамы Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында өткен жылы қабылданған үнемді және жауапты жаңа бюджет саясатына көшу шеңберіндегі жаңалықтар ескеріле отырып айқындалған.

Базалық сценарий (*мұнайдың әлемдік бағасы 80 АҚШ доллары/баррель*) бойынша Қазақстан экономикасын дамытудың болжамды сыртқы жағдайларын және 2023-2025 жылдарға арналған макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамын ескере отырып мемлекеттік бюджет кірістері (трансферттерді есепке алмағанда) болжам бойынша 2023 жылғы 16 342,0 млрд теңгеден 2025 жылы 18 999,3 млрд теңгеге дейін өседі. Мемлекеттік бюджет кірістері (трансферттерді есепке алмағанда) ЖІӨ-ге %-бен шаққанда 2023 жылғы 15,7%-дан 2025 жылғы 15,4%-ға дейін төмендейді.

Бюджет кірістерінің өсуі негізінен мемлекеттік бюджет кірістерінің орташа 98,4%-ын құрайтын салық түсімдерінің ұлғаюымен қамтамасыз етілетін болады.

Болжам бойынша салық түсімдерінің өсу қарқыны өткен жылға қарағанда 2023 жылы – 122,1%, 2024 жылы – 108%, 2025 жылы – 107,8% құрайды.

Тұтастай алғанда, мемлекеттік бюджет түсімдері жалпы көлемінің 2023 жылғы 19 059,7 млрд теңгеден 2025 жылы 20 941 млрд теңгеге дейін немесе 109,9%-ға өсуі болжануда. Мемлекеттік бюджет түсімдеріндегі кірістер үлесі (трансферттерді есепке алмағанда) 2023 жылғы 85,7%-дан 2025 жылы 90,7%-ға дейін ұлғаяды. Мемлекеттік бюджет түсімдеріндегі Ұлттық қордан трансферттердің үлесі 2023 жылғы 13,6%-дан 2025 жылы 9,1%-ға дейін төмендейді.


Мұнай емес сектордан түсетін кірістердің өсуі аясында Ұлттық қордан пайдаланылатын қаражаттың болжамды көлемі мемлекеттік бюджет түсімдерінің жалпы көлеміндегі Ұлттық қордан трансферттерді және шикі мұнайға әкетілетін кедендік бажды қоса алғанда, мұнай кірістерінің үлесін

төмендетуге ықпал ететін болады.

Мәселен, Ұлттық қордан республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферт 2023 жылы 2 200 млрд теңге, 2024 жылға – 2 000 млрд теңге, 2025 жылға – 1 900 млрд теңге мөлшерінде айқындалды.

Нысаналы трансферт 2023 жылы 400 млрд теңге, 2024 жылы 400 млрд теңге мөлшерінде айқындалды.


5-сурет. Мемлекеттік бюджет түсімдерінің болжамы



Мемлекеттік бюджет шығыстарының 2023 жылғы 22 174,7 млрд теңгеден 2025 жылы 24 020,8 млрд теңгеге дейін немесе 108,3%-ға ұлғаюы болжануда.

Бұл ретте ЖІӨ-ге қатысты 2023 жылы 21,4%-дан 2025 жылы 19,5%-ға дейін төмендеуі жоспарлануда.

6-сурет. Мемлекеттік бюджет шығыстарының болжамы



Мемлекеттік шығыстардың көлемі бюджеттің мұнайға қатысты емес кірістермен және кесімді баға кезінде болжанатын кепілдендірілген


трансфертпен, нысаналы трансфертпен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қор қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасында көрсетілген мұнай емес тапшылық бойынша шектеулер ескеріле отырып жоспарланатын тапшылықпен шектелетін болады.

2023 жылдан бастап бюджет қағидаларындағы фискалдық саясат мемлекеттік шығыстардың өсуін шектеуге және мұнайға қатысты емес тапшылықты біртіндеп төмендетуге бағдарланатын болады.

Бюджет шығыстары ұзақ мерзімді және тұрақты өсуге қол жеткізуге ықпал ететін болады. Мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерін (зейнетақылар, жәрдемақылар және т.б.) орындауға, адами капиталды (білім беру және денсаулық сақтау) және елдің байланыстылығын және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін инфрақұрылымды дамытуға арналған шығыстар, сондай-ақ елдің бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізудің түйінді факторы болып табылатын ҒЗТКЖ мен инновацияларға арналған шығыстар басымдыққа ие болады.

Мемлекеттік бюджет тапшылығы 2023 жылы ЖІӨ-ге қатысты 3,0%, 2024 жылы ЖІӨ-ге қатысты 2,8%, 2025 жылы ЖІӨ-ге қатысты 2,5% деңгейінде болжануда. Тапшылықтың болжамды мөлшері Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарының тапшылық көрсеткішіне сәйкес келеді.

**7-сурет. Мемлекеттік бюджет тапшылығы**



Ұлттық қор пайдаланатын қаражаттың болжамды көлемі және бюджет пен Ұлттық қордың теңгерімділік саясатына сәйкес бюджеттің мұнай емес кірістерінің ұлғаюы аясында тапшылықты төмен деңгейде ұстау мұнай емес тапшылықты қысқартуға ықпал ететін болады.

2023-2025 жылдарға арналған мұнай емес тапшылық бойынша болжамды серпін Ұлттық қордың қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасында белгіленген 2025 жылы мұнай емес тапшылық деңгейін ЖІӨ-ге қатысты 6,0%-ға дейін төмендету бойынша нысаналы бағдарларға қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

8-сурет. Мемлекеттік бюджеттің мұнай емес тапшылығы



### Жоспарлы кезеңге арналған шоғырландырылған бюджет түсімдері мен шығыстарының болжамы

2021 жылы Бюджет кодексіне қабылданған түзетулерді іске асыру үшін шоғырландырылған бюджеттің параметрлері Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры мен Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаражаты ескеріле отырып жасалды.

3-кесте. Шоғырландырылған бюджеттің болжамы, млрд тенге

Көрсеткіштердің атауы	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
	бағалау	болжам		
<b>Түсімдер</b>	<b>20 046,9</b>	<b>22 965,8</b>	<b>24 522,4</b>	<b>26 071,7</b>
<i>ЖІӨ-ге қатысты %</i>	21,9	22,1	21,6	21,2
мұнай	5 666,1	5 682,8	6 054,7	6 398,8
мұнай емес	14 380,8	17 283,0	18 467,7	19 672,9
<b>Шығыстар</b>	<b>22 571,7</b>	<b>23 656,1</b>	<b>24 790,5</b>	<b>25 551,6</b>
<i>ЖІӨ-ге қатысты %</i>	24,7	22,8	21,9	20,7
<b>Шоғырландырылған теңгерім</b>	<b>-2 524,7</b>	<b>-690,3</b>	<b>-268,1</b>	<b>520,1</b>
<i>ЖІӨ-ге қатысты %</i>	-2,8	-0,7	-0,2	0,4
<b>Мұнай емес теңгерім</b>	<b>-8 190,9</b>	<b>-6 373,1</b>	<b>-6 322,8</b>	<b>-5 878,8</b>
<i>ЖІӨ-ге қатысты %</i>	-8,9	-6,1	-5,6	-4,8

Мәселен, мемлекеттік бюджет, Ұлттық қор және екі бюджеттен тыс қор түсімдерін ескере отырып, шоғырландырылған бюджет түсімдері 2023 жылғы 22 965,8 млрд тенгеден 2025 жылы 26 071,7 млрд тенгеге дейін немесе 113,5%-ға ұлғаюмен болжамдалады.

Шоғырландырылған бюджет шығыстары 2023 жылы 23 656,1 млрд тенгеден 2025 жылы 25 551,6 млрд тенгеге дейін немесе 108%-ға өсумен болжамдалады.

2023-2025 жылдары Brent маркалы мұнайдың бір баррелі үшін 80 АҚШ доллары болжамды әлемдік бағасы кезінде шоғырландырылған бюджет тапшылығының бюджет профицитінің кеіннен 2025 жылғы ЖІӨ-ге қатысты 0,4% қамтамасыз етілуімен, 2023 жылы ЖІӨ-ге қатысты 0,7%-дан 2024 жылы ЖІӨ-ге қатысты 0,2%-ға дейін төмендеуі болжануда, бұл бюджеттік шоғырланудың оң серпінін және мемлекеттік қаржы тұрақтылығының нығаюын

көрсетеді.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына түсімдер 2023 жылы – 980,4 млрд теңге, 2024 жылы – 1 036,3 млрд теңге, 2025 жылы – 1 087,7 млрд теңге сомасында болжанып отыр. Қордың шығыстары 2023 жылы – 962,2 млрд теңге, 2024 жылы – 1 000,5 млрд теңге, 2025 жылы – 1 065,7 млрд теңге сомасында болжанып отыр.


Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына түсімдер 2023 жылы – 862,9 млрд теңге, 2024 жылы – 905,3 млрд теңге, 2025 жылы – 841,2 млрд теңге сомасында болжанып отыр. Қордың шығыстары 2023 жылы – 862,9 млрд теңге, 2024 жылы – 905,3 млрд теңге, 2025 жылы – 841,2 млрд теңге сомасында болжанып отыр.

### **Жоспарлы кезеңге арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері мен шығыстарының болжамы**

Күтілетін мұнай өндіру көлемін және Brent маркалы мұнайдың бір баррелі үшін 80 АҚШ доллар болжамды әлемдік бағасын ескере отырып, мұнай секторы ұйымдарынан Ұлттық қорға түсетін түсімдер болжам бойынша 2023 жылы – 4 059,9 млрд теңгені, 2024 жылы – 4 236,8 млрд теңгені, 2025 жылы – 4 338,0 млрд теңгені құрайды.

Ұлттық қордың активтерін басқарудан түсетін инвестициялық кіріс 3,7% индикативтік орташа жылдық кірістілік деңгейінде 2023 жылы – 954,5 млрд теңге, 2024 жылы – 1 043,4 млрд теңге, 2025 жылы – 1 149,5 млрд теңге сомасында болжанып отыр.

**9-сурет. Ұлттық қордың түсімдері мен пайдаланылуының болжамы**




Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферттің мөлшері мұнайдың есептік бағасы («кесімді» баға) кезінде болжанатын мұнай секторынан Ұлттық қорға түсетін түсімдер көлемінен аспайтын деңгейде айқындалды.

Бұл Ұлттық қордың төмендетілмейтін қалдығын ЖІӨ-ге қатысты 30% төмен емес деңгейде сақтай отырып, Ұлттық қордың валюталық активтерін неғұрлым қарқынды жинақтауға көшуге мүмкіндік береді.

Осылайша, Ұлттық қордың валюталық активтері 2025 жылдың соңында болжам бойынша 75,4 млрд АҚШ долларынан (мұнайдың әлемдік бағасы бір баррелі үшін 80 АҚШ доллары кезінде) төмен болмайды.

### 10-сурет. Ұлттық қордың валюталық активтерінің болжамы



### Жалпыұлттық басымдықтарды іске асыруға бағытталған шығыстардың жаңа бастамалары

2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет шығыстарының басымдықтары ҚР Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 520 Жарлығымен бекітілген ҚР жалпыұлттық басымдықтарына сәйкес келеді және әлемдік экономиканың құлдырауы жағдайында экономиканы қалпына келтіруге, мемлекет қызметінің инклюзивті платформасын қалыптастыруға, ҚР әрбір азаматының әл-ауқатын арттыруға бағытталатын болады.

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын, ҚР Тұңғыш Президентінің бұрын жарияланған мемлекеттік әлеуметтік міндеттемелерді толық көлемде орындауға, АӨК-ні, транзиттік әлеуетті, энергетикалық инфрақұрылымды дамытуға және тиімділігін арттыруға, ШОБ-ты қолдауға, экономика салаларын технологиялық жаңғырту және цифрландыру үшін жағдайлар жасауға, тұрғын үй құрылысын дамытуды ынталандыруға және оның қолжетімділігін арттыруға, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымын және сумен және жылумен жабдықтау инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталған бастамаларын іске асыру жалғасады.

### Ішкі және сыртқы үкіметтік борыштың болжамын қоса алғанда, мемлекет міндеттемелерінің параметрлері


Борыштық саясат бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін қолайлы шарттарда үкіметтік қарыз алуды жүзеге асыруға және елдің борышын қауіпсіз деңгейде ұстап тұруға бағытталған.

Жоспарланып отырған республикалық бюджет тапшылығын ескере отырып, мемлекеттік борышты 2023 жылғы 28 906,3 млрд теңгеден (ЖІӨ-ге 27,8%) 2027 жылы 42 000,3 млрд теңгеге (ЖІӨ-ге 29,2%) дейін кезең-кезеңімен ұлғайту болжанып отыр.

Бұл ретте мемлекеттік борыш деңгейінің болжамды мәндері Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта белгіленген ЖІӨ-ге қатысты 50%-дық шектен аспайды.



**11-сурет. 2023–2027 жылдарға арналған мемлекеттік және үкіметтік борыштың болжамы**




Мемлекеттік борыш құрылымында үкіметтік борыштың 2023 жылғы 24 609,6 млрд теңгеден (ЖІӨ-ге 23,7%) 2027 жылы 37 495,6 млрд теңгеге (ЖІӨ-ге 26,1%) дейін ұлғаюы болжанады.

Валюталық тәуекелдерді болдырмау мақсатында қарыз алудың ішкі нарығы барынша пайдаланылатын болады.


Бұл ретте несие капиталының сыртқы нарықтарға шығуы ішкі нарықта өтімділік жеткіліксіз болған жағдайда жүргізіледі.

**12-сурет. 2023–2027 жылдарға арналған ішкі және сыртқы үкіметтік борыштың болжамы**



Елдің және квазимемлекеттік сектордың сыртқы мемлекеттік борыш деңгейін бақылауды қамтамасыз ету мақсатында жаңа бюджет саясатының тұжырымдамасында мемлекеттік және квазимемлекеттік борыштың жоғарғы шектерін шектеу көзделген, олар жиынтығында ЖІӨ-нің 60,0%-ынан аспауға тиіс.

**13-сурет. 2023–2027 жылдарға арналған мемлекеттік және квазимемлекеттік жиынтық борыштың болжамы**



Қазақстан Республикасының 2023–2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерінің, 2023–2025 жылдарға арналған бюджет пен Ұлттық қор параметрлерінің болжамы 1-қосымшада берілген.